

_____ тамыз 2022ж
№1 педагогикалық кеңестің
шешімі негізінде бекітемін.
«Болашақ» мектебі мекемесінің директоры
Б.Т.Абилдаева



«Болашақ» мектебі мекемесінің
2022-2023 оқу жылына арналған оқу өндірістік
жұмыс жоспары

Шымкент қаласы



«Болашақ» мектебі мекемесінің тақырыбы:

"Заманауи білім беру мазмұны аясында мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыта отырып, жеке тұлғаның функционалдық сауаттылығын арттыру"

Мазмұны

I БӨЛІМ

Оқу жылының қорытындысы бойынша педагогикалық анализ. _____ 3-31

II БӨЛІМ

Жаңа оқу жылының міндеттері . Жалпы орта білім берудегі тегін бастауыш, Негізгі және орта (толық) білім алуға бағытталған мектептегі ұйымдастыру қызметі _____ 32-33

III БӨЛІМ

Педагог кадрлармен жұмыс және олардың біліктілігін арттыру, аттестация жұмыстары _____ 34-45

IV БӨЛІМ

Білім беруді дамытуға бағытталған педагог ұжымның қызметі _____ 45-62

V БӨЛІМ

Тәрбие жұмысын құру жүйесіне бағытталған педагог ұжымның қызметі _____ 63-80

VI БӨЛІМ

Мектептің басқару жүйесі.
Ата-аналармен жұмыс _____ 81-95

VII БӨЛІМ

Мектепшілік бақылау жүйесі _____ 96-111

VIII БӨЛІМ

Мектептің оқу-материалдық базасын нығайту _____ 112-113

IX БӨЛІМ

Ұйымдастыру - педагогикалық іс-шаралары _____ 114-142

ЖОСПАРҒА ҚОСЫМША

Мектептің оқу жоспары _____

Педагог-психолог қызметінің жұмыс жоспары _____

Әлеуметтік педагог қызметінің жұмыс жоспары _____

Педагог-логопед қызметінің жұмыс жоспары _____

Медбике қызметінің жұмыс жоспары _____

І БӨЛІМ

Оқу жылының қорытындысы бойынша педагогикалық анализ


2021-2022 оқу жылында атқарылған оқу-тәрбие жұмысының талдауы

Қазіргі уақытта білім деңгейі мен қоғамның интеллектуалды әлеуметі ұлттық байлықтың негізі болса, ал тұлғаның кәсіптік бейімділігі, шығармашылыққа талпынуы және тосын жағдайларда әрекет ете білуі арқылы прогрестің негізі қаланып, мемлекет қауіпсіздігінің тұрақтылық жағдайы анықталады. Жоғары педагогтер ғана шеше алады. Әлемдік практикада осы салада белгілі бір жетістікке жету үшін білім сапасын арттыру, озық тәжірибелерді өмірге енгізу үрдіске айналды.

2021-2022 оқу жылында мектепте 100 мұғалім жұмыс істеді. Олардың 11 жоғары санатты, 4 бірінші санатты, 11 екінші санатты, 13-педагог-зерттеуші, 7-педагог-сарапшы, 22 педагог-модератор, 43-санатсыз педагогтер.


«Болашақ» мектебі мекемесінде педагогикалық ұжымының білім деңгейі бойынша сапалық құрылымының мониторингі

Білім	2019-2020		2020-2021		2021-2022	
	саны	% есебінде	саны	% есебінде	саны	% есебінде
Жоғары білім	84	100	95	100	100	100
Орта кәсіптік білім	-	-	-	-	-	-
Орта білім	-	-	-	-	-	-
Барлығы	84	100	95	100	100	100




Педагогикалық ұжым сапалық құрылымының мониторингі

Санаты	2020-2021		2021-2022	
	саны	% есебінде	саны	% есебінде
Жоғары	40	47	11	42
Бірінші	15	20	4	19
Екінші	18	19	11	22
Санатсыз	11	14	43	16
Барлығы:	84	100	95	100



Педагогтердің жалпы санынан бірінші және жоғары санаты бар педагогтердің үлесі

2019-2020	2020-2021	2021-2022
67 %	61 %	53 %



Қазіргі заман талабы – пән мұғалімдері өз білімін арттыру бойынша дамылсыз ізденіп, жаңа оқыту технологияларын пайдаланып, оқушыларға терең білім беру. Осы мақсатқа сай мектеп әкімшілігі мұғалімдердің біліктілігін арттыру үшін оларды «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты және педагогикалық шеберлік орталығында төмендегі мұғалімдер жоспар бойынша күрсе жіберіліп, біліктілігін арттырып келді.

3. Біліктілікті арттыру жүйесі.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Курстың атауы	пәні	сағаты
1	Идрисова Н.И	ЦПМ «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында гуманитарлық пәндерді тиімді оқыту» (2021ж)	Бастауыш сынып пәні мұғалімі	72
2	Куандыкова З.Ж.	ЦПМ «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында бастауыш пәндер бойынша оқыту» (2019ж)	Бастауыш сынып пәні мұғалімі	120
3	Асланова Д.З.	ЦПМ «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында гуманитарлық пәндерді тиімді оқыту» (2021 жж)	Бастауыш сынып пәні мұғалімі	72
4	Яркина Н.Р.	"Өрлеу» АҚ «Изучение сложных тем предметов учебного плана начальной школы ((2022ж)	Бастауыш сынып пәні мұғалімі	40
5	Арынова Л.Т.	2020 жылы «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесі әзірлеген Қазақстан Республикасының орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында «Тарих» жалпы білім беру пәнінен колледж	Тарих пәнінің мұғалімі	80

		оқытушыларының біліктілігін арттыру онлайн курсы		
6	Танирбергенов А.С	2020 жылы «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесі әзірлеген Қазақстан Республикасының орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында «Тарих» жалпы білім беру пәнінен колледж оқытушыларының біліктілігін арттыру онлайн курсы	Тарих пәнінің мұғалімі	80
7	Арыстанова К.	География пәні бойынша кәсіби құзыреттіліктерін дамыту (2021ж)	География пәні мұғалімі	72
8	Ибраимова С.Ж.	География пәні бойынша кәсіби құзыреттіліктерін дамыту (2021ж)	География пәні мұғалімі	72
9	Қыдырбаева А.Н.	Ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту (2021ж)	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	160
10	Ғұлам А.Т	Ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту (2021ж)	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	40
11	Омарбекова Н.Ж.	Ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту (2021ж)	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	160
12	Сағынтай Г.А	Ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту (2021ж)	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	40
13	Лихачева Н.Г	Ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту (2021ж)	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	40
14	Қыдыркұлова Н.Т.	Ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту (2021ж)	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	40
15	Имансейтова Ж.Т.	Ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту (2021ж)	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	160
16	Халбай С.Д.	Ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту (2021ж)	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	160
17	Ералиева Ф.М.	ЦПМ «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында гуманитарлық пәндерді тиімді оқыту» (2021ж)	Орыс тілі пәні мұғалімі	72
18	Балабекова Д.А	ЦПМ «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында гуманитарлық пәндерді тиімді оқыту» (2021ж)	Орыс тілі пәні мұғалімі	72
19	Қамбарбекова А	«Повышения квалификации педагогических кадров по предмету физика в рамках обновления»	Физика пәні мұғалімі	80
20	Тулебаева М.Қ.	Педагогикалық шеберлік орталығы «Мектептегі химия сабағы басымдықтар мен жетілдіру стратегиялары» біліктілігін арттыру	Физика пәні мұғалімі	160
22	Қалдарбек А.Б.	Білім мазмұнын жаңарту жағдайында заманауи сабақты ұйымдастыру	Қазақ тілі пәні мұғалімі	40
23	Тажибаева М.Т.	Білім мазмұнын жаңарту жағдайында заманауи сабақты ұйымдастыру	Биология пәні мұғалімі	40

Мектеп ұжымы ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 (ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 сәуірдегі № 152 бұйрығына, 2019 жылғы 19 желтоқсандағы №539 қосымшалар), «Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрықтарымен бекітілген педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесімен кең көлемде

таныстырылды. Қазіргі таңда мұғалімдердің тестімен жұмыс жүргізуіне мектепте толық жағдай жасалған.

Мұғалімдерді аттестациядан өткізу көрсеткіші

	Педагог-шебер	Педагог-зерттеушіге	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	жалпы
2020-2021 (желтоқсан)		4	2	2	8
2020-2021 (маусым)		3	2	2	7
2021-2022 (желтоқсан)		4	1	4	9
2021-2022 (шілде)		2	2	2	6
Жалпы		13	7	10	30

2022-2023 оқу жылында мектептегі әдістемелік жұмыс: «Білім беруде оқытудың педагогикалық технологияларын қолдана отырып, әр оқушының білім сапасын көтеру, шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейту» тақырыбында жалғастырылды.

Әдістемелік мәселенің мақсаты: тәрбиелеу және оқыту үрдісінде инновациялық технологияларды енгізу, оқушылар білім сапасының қалыптасуындағы мұғалімнің жетекші ролі және оқушылар ептілігі мен дағдыларын дамытудағы педагогикалық еңбектің нәтижелерін көтеру әдістері мен тәсілдерін қамту. Атап айтар болсақ қыркүйек айында **«Мәңгілік тіл – мәңгілік елдің мұраты»** атты қалалық семинар өткізілді.

№	Уақыты өтетін орны	Іс –шараның атауы	Өткізу формасы	Жауапты	Кабинет
1	9:00-9:30	Қонақтарды күтіп алу	Тіркеу «Мектеп тынысы» Бейнеролик	Иманәлі Г. Ибрагимов С. Шайманова Л.	Фойе
2	9:30-10:15	Семинардың ашылуы TedX Экология бағыты; Психология бағыты; Экономика бағыты;	Сахналық көрініс	Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі, орыс тілі мен әдебиеті пән бірлестігі, ағылшын тілі пән бірлестігі	Акт зал
3	10:15-10:30	«Құмыра жасау өнері» үйірмесі, «Робототехника» үйірмесі, «Сиқырлы қылқалам» үйірмесі, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында READx	Көрме, үйірмелермен таныстыру	Аликенова Г. Алшоразова Қ. Джаришева А. Сейтхан Б.Б. Оралбай А.	Мектеп ғимараты
4	10:30-11:00	Ашық сабақтар: 1. Ұлттық руханиятымыздың өзегі –тіл (10 «А») 2. Стили речи (5 «И») 3. School things (2 «Б») 4. The responsibility for the upbringing of the child rests with the parents (дебат) 5. Интеллектум үйірмесі	Сабақ 10 «А» сынып 5 «И» сынып 2 «Б» сынып Дебат 9-11 сыныптар	Асубаева А.М. педагог-сарапшы Балабекова Д.А. Педагог-шебер Лихачева Н.Г. Педагог-модератор Турсунбекова Ж.У. Педагог-сарапшы Базарбаева Е.	№30 №29 №25 №22
5	11:00-11:10	Кофе - брейк	Кофе - брейк	Бастауыш сынып бірлестігі	№ 23
6	11:10-11:30	Коучинг 1. Оқу сауаттылығын дамытуда сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастыру 2. Мәтінмен жұмыс түрлерін ұйымдастыру ерекшеліктері 3. PISA халықаралық зерттеуіндегі оқу сауаттылығын дамыту маңызы	Коучинг	Керімбекова Ф.К. жоғары санатты педагог Нуржаутов С.Д. Педагог-модератор Алиаскаров Д. А. Педагог-зерттеуші	№30 №29 №25
7	11:40-12:00	Семинардың жабылуы	Концерттік бағдарлама	Мектеп ұжымы	Акт зал



Мектепте әдістемелік жұмыстарды үйлестіру үшін әдіскерлік кеңеспен пәндер бойынша 7 әдістемелік бірлестігі құрылған. Барлық ӘБ бекітілген жоспар көлемінде өз тақырыптары бойынша онкүндік декада жұмыстарын өткізді.



Билингвалды білім беру моделін ендірудің мақсаттары

- ✓ оқыту бағдарламаларын мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт деңгейінде үш тілде меңгере алатын тұлғаны қалыптастыру;
- ✓ өмірдің түрлі жағдайында еркін қарым-қатынас жасай алатын, тілдік құзіреттілігі дамыған тұлғаны қалыптастыру;
- ✓ оқушылардың бойында сын тұрғысынан ойлау қабілетімен өз-өзіне деген сенімділікті қалыптастыру;

- ✓ жастардың бойында туған еліне деген зор сүйіспеншілікті Қазақстан халықтарының татулығы мен бірлігіне деген сенім, Қазақстан халықтары мәдениетінің дамуын қолдайтын көп мәдениетті меңгерген тұлғаны қалыптастыру;
- ✓ әлеуметтік қоғамда, келешекте толыққанды өмір сүруі үшін әр балаға өз қабілеттерін дамытуға көмек көрсету.

Сонымен қатар, тағыда инновациялық технологиялар енгізіліп, жаңа технологиялармен жұмыс істейтін мұғалімдер саны артып отыр.

Мектепте жас мұғалімдерге әдіскерлік көмек көрсету жүйелі түрде жүргізіледі. Жас мұғалімдерге тәлімгер ұстаздар тағайындалған. Оларды жаңа технологиялармен таныстыру, технологияларды таңдап алып жұмыс жүргізу жолға қойылған. Жас мұғалімдерге әдіскерлік көмек көрсету мақсатында «Жаңа технологияларды пайдалану», «Оқушылардың артықша оқу жүктемелерін жеңілдету жолдары», «Оқушылардың шығармашылық және орындаушылық қабілеттерін дамыту» тақырыптарында семинар, дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Жас мамандар үшін анкеталау өткізіліп, олардың талап-тілектері ескеріліп, жеке консультациялар ұйымдастырылып, нәтижесі әдіскерлік кеңесте қаралды. Қалалық білім басқармасының әдістеме орталығының жоспарына сәйкес қаңтар айында «Үздік жас маман-2022» атты байқау өткізілді.



Мектепте кабинеттерді қазіргі заман талабына сай жабдықтап, оларды паспорттандыру жұмысы бұл оқу жылында да жалғастырылды.

Дарынды балалардың ғылымға деген қызығушылықтарын арттыруға бағытталған, Дарын орталығының ұйымдастыруымен мектепішілік, аудандық, қалалық оқушылардың пәндік олимпиадасында жақсы білім көрсеткішін көрсеткен төмендегі оқушылар Дарын орталығының КММ бөлімінің мақтау қағаздымен марапатталып, жүлделі орындарды иеленді.

9-11 сынып оқушылары арасында өткізілген жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың үшінші (қалалық) кезеңінің нәтижесі

№	пәні	Сыныбы	Оқушының аты-жөні	орын	Мұғалімі
1	Көркем еңбек	9 – сынып	Тағайбек Айда Дүйсебаев А Искакова С Анарбеков С	I-орын I-орын I-орын II-орын	Аликенова Г.
2	Өзін-өзі тану	11- сынып	Шүлембаев Ұ	I-орын	Ералиева Ф.М.
3	Физика	9-сынып	Темірхан А	II-орын	Қамбарбекова А.
4.	Орыс тілі және әдебиеті	9-сынып	Габсаттарова А	I-орын	Ералиева Ф.М.

5-6 сыныптар арасында өткізілген қалалық Бәйтерек олимпиаданың нәтижесі

№	пәні	Сыныбы	Оқушының аты-жөні	орын	Мұғалімі
1	Математика	8 - сынып	Қайрат Н	II-орын	Рысбекова М.У
2	Тарих	8- сынып	Садыкова Д	I-орын	Арынова Л.Т.
3	Тарих	8-сынып	Шағыров Р	II-орын	Арынова Л.Т.
4.	тарих	7 - сынып	Дошбердиева С	I-орын	Танирбергенов А

5-6 сыныптар арасында өткізілген қалалық онлайн олимпиаданың нәтижесі

№	Оқушының аты-жөні	пәні	орын	мұғалімі
1	Тағайбек А	Биология	I – орын	Тулебаев М.Қ
2	Сатаева Я	Химия	II – орын	Тулебаев М.Қ
3	Шүлембаев Ұ	Химия	II – орын	Тулебаев М.Қ
4	Наврузов М	Биология	III - орын	Тулебаев М.Қ
5	Сұлтанбек М	биология	III - орын	Тулебаев М.Қ
6	Амангелді А	Тарих	II – орын	Танирбергенов А
7	Джорабаева Қ	Тарих	II – орын	Танирбергенов А
8	Қалымбаева Қ	Тарих	III - орын	Арынова Л.Т.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша 2-4 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың екінші (аудандық) кезеңінің нәтижесі

№	Оқушының аты-жөні	сыныбы	пәні	орын	мұғалімі
1	Жақсыбек К	4-сынып	Бастауыш	I-орын	Баймаханова А
2	Мұхтар Б	4-сынып	Бастауыш	II-орын	Баймаханова А
3	Тәліпбай Н	3-сынып	Бастауыш	I-орын	Мусаева Б
4	Амангелді А	3-сынып	Бастауыш	III-орын	Мусаева Б
5	Меңлібек Ж	3-сынып	Бастауыш	II-орын	Мусаева Б
6	Бекмурат Б	2-сынып	Бастауыш	III-орын	Абдуллаева О
7	Амангали А	2-сынып	Бастауыш	II-орын	Абдуллаева О
8	Дайырбек А	2-сынып	Бастауыш	I-орын	Абдуллаева О

2022-2023 оқу жылындағы жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының қалалық кезеңіне жіберілген оқушылар тізімі

№	Аты жөні	Тақырыбы	Секциясы	Сыныбы	Оқыту тілі	Жетекшінің аты жөні	Бастаған жылы
1	Төлеген Е	Ә.Бөкейхановтың зертеу жұмыстары «Алаш арыстары»	Тарих	9-сынып	қазақ	Арынова Л.Т.	2020ж
2	Айнолт А	Электр жүйесін үнемдеу	Физика	9-сынып	қазақ	Қамбарбекова А.	2020ж
3	Мұсабекұлы А Қален Н	Көркем әдеби шығармаларды оқуға шақыруды тиімді пайдалану	Қазақ тілі	5-сынып	қазақ	Керимбекова Ф.Қ	2020ж
4	Төлеген Ш	Мақал –мәтелдердегі киелі сандардың қасиеті	Қазақ тілі	7-сынып	қазақ	Смаилова Ж.Е.	2020ж
5	Қонысова А	Тұздың маңызы	Дүниетану	2-сынып	қазақ	Абдуллаева О.М.	2020ж

2020-2021 оқу жылында негізгі пәндер бойынша қалалық мұғалімдер олимпиадасына 3 мұғалім қатысты. Қалалық олимпиаданың нәтижесі төмендегідей:

№	Мұғалімнің аты-жөні	пәні	орын
1	Керимбекова Ф.Қ.	Қазақ тілі және әдебиеті	1-орын
2	Смайлова Ж.Е.	Қазақ тілі және әдебиеті	1-орын
3	Айтуғанова А.Қ	Математика пәні мұғалімі	II-орын

Мектептің 2021-2022 оқу жылындағы оқушылардың жылдық жетістіктері


Халықаралық			Республикалық			Облыстық			Қалалық			Интернет	
Олимпиадалар	Ғылыми жобалар	Түрлі байқау	Олимпиадалар	Ғылыми жобалар	Түрлі байқау	Олимпиадалар	Ғылыми жоба	Түрлі байқау	Олимпиадалар	Ғылыми жобалар	Түрлі байқау	Халықаралық	Республикалық
		4			14				4	2	51		52

Мектептің 2021-2022 оқу жылындағы мұғалімдердің жылдық жетістіктері

Халықаралық			Республикалық			Облыстық			Қалалық			Интернет	
Олимпиадалар	Ғылыми жобалар	Түрлі байқау	Олимпиадалар	Ғылыми жобалар	Түрлі байқау	Олимпиадалар	Ғылыми жоба	Түрлі байқау	Олимпиадалар	Ғылыми жобалар	Түрлі байқау	Халықаралық	Республикалық
			3		6			7			21		32

2021-2022 оқу жылында «Болашақ» мектеп мекемесінде Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрі 2021 жылғы 5 мамырдағы №204 бұйрығына сәйкес 4 және 9 сыныптарға ББЖМ (білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу) жүйелі бақылау сәуір айының **18.04.2022-11.05.2022 уақыт аралығында** білім алушылардың білім жетістіктерін анықтауда тест алынды. 2022 жылдың қаңтар айынан бастап мектебімізде 4 және 9 сынып білім алушыларын дайындық жұмыстары жүргізілді. Әр пән мұғалімдері тиынақты жұмыстар атқарды.


Жалпы қатысқан оқушылар саны: 65 оқушыны құрады. 4 сынып оқушыларының саны 29 оқушы, оның ішінде қазақ сыныптағы оқушылар саны – 17, орыс сыныптарындағы оқушылар саны – 12 құрады. 9 сыныптардан барлығы 36 оқушы қатысты, оның ішінде қазақ сыныптарынан – 18 оқушы, орыс сыныптарынан – 18 оқушы қатысты.



Орта балл саны бойынша 4 сыныптарда барлығы – 22,28 % құрады.


Қазақ сыныптарының орта баллы – 23,35 %, орыс сыныптарында – 23,17 % құрады.

4 сыныптар бойынша ББЖМ қорытындысы



9 сыныптар бойынша жалпы орта баллы – 48 % көрсетті. Қазақ сыныптары – 48,56 %, орыс сыныптары – 47,44 % құрады.

9 сыныптар бойынша ББЖМ қорытындысы



1.1. Оқушылардың жеке құрамы және қозғалысы.

Оқушылардың қозғалысы бойынша оқу жылының басынан бұйрық кітабы арналып, бұл кітапта оқушылардың сыныптар бойынша жеке құрамы, оқушыларды қабылдау және шығару, оқушыларды келесі сыныпқа көшіру туралы, оқушыларды қорытынды аттестацияға жіберу туралы, оқушылардың 9-шы және 11-шы сыныпты бітіргені туралы нәтижелер көрсетіліп отырылды.

Жыл басында мектепте 69 сынып тобы ашылып, оның ішінде:

Бастауыш сыныптар - 30 (оның ішінде; 17 сынып қазақ тілінде, 13 сынып орыс тілінде сабақ алып барылды).

Орта буын сыныптар –33(оның ішінде; 19 сынып қазақ тілінде, 14 сынып орыс тілінде сабақ алып барылды).

Жоғары сыныптар – 6 (оның ішінде 3 сынып қазақ тілінде, 3 сынып орыс тілінде сабақтар алып барылды).

Жыл басында оқушылардың саны 1379 оқушыны құрады, оның ішінде:

Бастауыш сыныптарда - 693 оқушы

Орта буын сыныптарда – 600 оқушы

Жоғары сыныптарда - 86 оқушы,

Мектеп бойынша қыздар саны - 660, ұл балдар - 719.

Мектеп бойынша орташа оқушылар саны- 19,9

I жарты жылдың аяғында оқушылардың саны – 1379 оқушыны құрады, оның ішінде:

Бастауыш сыныптарда - 693 оқушы

Орта буын сыныптарда – 600 оқушы

Жоғары сыныптарда - 86 оқушы,

II жарты жылдың аяғында оқушылардың саны 1383 оқушыны құрады, оның ішінде:

Бастауыш сыныптарда - 684 оқушы

Орта буын сыныптарда - 611 оқушы


Жоғары сыныптарда - 88 оқушы,

Жыл басында оқушылар	Жыл басында	I жарты жылдықта		II жарты жылдықта		Жалпы		Жыл аяғында оқушылар
		келген	кеткен	келген	кеткен	келген	кеткен	
1-4 кл.	693	43	54	39	48	82	102	684
5-9 кл.	600	52	36	32	21	84	57	611
10-11 кл	86	8	5	6	4	14	9	88
1-11 кл.	1379	103	95	77	73	180	168	1383

Барлық келген және кеткен оқушылардың анықтама парақтары бар.

1.2. Жылдық қорытынды бойынша оқу үрдісінің мониторингі (білім сапасы)

Сыныптар	1	2	3	4	1-4	5	6	7	8	9	5-9	10	11	10-11
I жарты жылдық %		55	47,5	47,1	49,8	37,7	38,4	35,7	33,7	35,7	36,3	40	40,6	41,4
II жарты жылдық %		55,3	51,5	46,6	51,1	45,6	45,1	36	32,6	40,2	40	42	35,5	43,9
Жылдық %		60,2	52,4	51,4	54,7	41,3	40,2	38,1	35,9	42,3	39,6	44	41,9	45,3



Пәндер бойынша білім сапасының мониторингі (% есебінде)

Пәні		Сыныптар							Орташа
		11	10	9	8	7	6	5	
Қазақ тілі	I жарты жылдық	62,2	62,3	53,4	58	51,8	53,6	60,1	57,3
	II жарты жылдық	56,2	65,2	55,5	58,1	51,8	55,7	55	568
Орыс тілі	I жарты жылдық	59,6	61,6	61,8	55,2	57,2	55	52,5	57,6
	II жарты жылдық	61	66,5	62,9	49,6	55,2	52	54,4	57,4
Ағылшын тілі	I жарты жылдық	64,1	57,3	50,5	50,5	50,6	55,2	49,2	53,9
	II жарты жылдық	65,7	66,3	56,9	52,5	61,2	62	60,1	51,8
Физика	I жарты жылдық	55	38	41	45,4	44,6			44,8
	II жарты жылдық	57,6	50,4	46,8	41,9	47,6			48,9
Математика/ Алгебра	I жарты жылдық	50,4	39,3	45,7	44,8	50,8	49,8	41,9	46,1
	II жарты жылдық	46,5	48,2	49,2	51,6	47,3	52,7	51,8	49,6
География	I жарты жылдық	50,5	48	47,6	47,9	46,2			48
	II жарты жылдық	53,8	50,7	48,9	48,6	50,6			50,5
Қазақстан тарихы	I жарты жылдық	52,8	66,4	63,6	66	63,2	54,8	57,6	60,6
	II жарты жылдық	48,8	64,7	54	69,7	58,1	60,2	61,6	60,6
Химия	I жарты жылдық	55	45,3	45,9	43,8	48,6			47,7
	II жарты жылдық	51	54,4	54,7	52,6	48,9			52,3
Биология	I жарты жылдық	55	57,6	49,6	54	53,5			53,9
	II жарты жылдық	56,2	59,1	55,9	55,3	53,9			56

**11-сынып оқушыларының ҰБТ қорытындысы
2021-2022 оқу жылы**

барлығы	қатысқаны	шығ.тапс.	0-49	50-79	80-99	100-119	120-140	орта балл шығар	орта балл шығар-3	Білім сапасы %	үлгерімі %
42	25	2	8	12	5			63,2	74,7	24,5	61 %

1-блок

пәні	Жалпы оқушы саны	қатысқаны	0-5	6-9	10-12	13-15	орта балл	Білім сапасы %	үлгерімі %
Математикалық сауаттылық	42	12	3	9			8,1	42,1	67%
Қазақстан тарихы	42	14	2	8	2	2	7,8	37,3	79 %

1-блок


пәні	Жалпы оқушы саны	қатысқаны	0-5	6-13	14-16	17-20	орта балл	Білім сапасы %	үлгерімі %
Оқу сауаттылығы (қазақтілі)	42	12	-	2	4	6	16,8	90	100
Оқу сауаттылығы (орыстілі)	42	2	-	-	1	-	15	100	100

2-блок


пәні	Жалпы оқушы саны	қатысқаны	0-5	6-25	26-30	31-40	орта балл	Білім сапасы %	үлгерімі %
Математика	42	1		1			21	0	100
Физика	42	1		1			12	0	100
Химия	42	3		3			18,3	0	100
Биология	42	6		6			18	0	100
География	42	3		3			18,3	0	100
Ағылшын тілі	42	2			1	2	29	100	100
Дүние жүзі тарихы	42	2		2			17,5	0	100

Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық бойынша алынған пәндік мониторингі

Пәндер	Математик сауаттылық	Оқу сауаттылығы (қ.т.)	Оқу сауаттылығы (о.т.)	Қаз. тарихы
Орта балл	9,1	16,8	15	8,9



Пәндер	Математика	Биология	Ағылшын тілі	Дүние жүзі тарихы	Физика	Химия	География
Орта балл	21	18	29	17,5	12	18,3	18,3



Оқушылардың жоғары оқу орындарына қабылдану деңгейінің көрсеткіштері

Оқу түрі	2020	2021	2022
Грант	3	6	8
Ақылы	14	14	26

11-сынып бітірушілердің еңбекке орналасуы туралы

Оқу жылы	2019-2020	2020-2021	2021-2022
Мектепті бітіргендер	34	33	
ЖОО орнына түскендер	10		
Грант	2	3	
Ақылы	8		
Техникалық мамандықтар	3		
Экономикалық мамандықтар	2		
Гуманитарлық мамандықтар	2		
Медициналық мамандықтар	2		
Әскери мамандықтар	1		
Колледж	12		
Жұмыс істейді	11		
Жұмыс істемейді	34		

Мектептің тәрбие жұмысы «Оқушылар тәрбиесіндегі мәдениеттану, дүниетаным диалектикасын қалыптастыру» тақырыбында жүргізілді

Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр.

Н.Ә.Назарбаев

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады.

Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрдегі бірлескен жұмыс

Тәрбие жұмысының мақсаты:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу;
- Мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында;
- Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау;
- Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау.
- Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сезімін жаңғыртуға аса мән береді.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.
9. Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру.
10. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен аулыңа, қала мен өңіріңе, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі, ұлт ететін мәдени-генетикалық кодтың негізі.

Күтілетін нәтижелер:

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері:

- Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмді, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін;
- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметі;
- Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді;
- Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын;
- Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды;
- Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін;
- Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.
- Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді, жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, тандау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыруға бағытталған.

Іске асыру тетіктері:

- Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/>;
 - Қазақстан Республикасының Конституциясы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002>;
 - «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>;
 - 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext>;
 - «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
 - «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
 - «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
 - «Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
 - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері <https://nao.kz/>
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері <https://nao.kz/>.
- Білім беру жүйесінің негізгі мақсаттарының бірі – педагогикалық тәжірибеге білім алушылардың академиялық білімін, негізгі біліктіліктері мен құзырлылықтарын қалыптастыруды, олардың оқуға деген ұмтылысын, оқу-танымдық әрекетке қызығушылығын арттыруды қамтамасыз ететін білім берудің мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің заманауи әдістері мен технологияларын ендіру.

ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды.

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
2. Рухани-танымдық тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасылық тәрбие;
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2022-2023 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер:

- ✓ Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 30 жыл
- ✓ Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ы.Алтынсариннің туғанына – **180 жыл**;

- ✓ Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына – **175 жыл**;
- ✓ Қазақтың әйгілі күйші композиторы, Қазақстанның халық әртісі Дина Нұрпейісованың туғанына – **160 жыл**;
- ✓ Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш жетекшісі, публицист, ғалым, аудармашы Әлихан Бөкейханның туғанына – **155 жыл**;
- ✓ Қазақ ақыны, әдебиеттанушы ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – **150 жыл**;
- ✓ Қазақтың лирик ақыны Мұқағали Мақатаевтың туғанына – **90 жыл**;
- ✓ Көрнекті этнограф, жазушы, әдебиеттанушы ғалым, қоғам қайраткері Ақселеу Сейдімбектің туғанына – **80 жыл**.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылықтары мен әмбебап құзырлылықтарын қалыптастыруға қол жеткізетін бағыттардың бірі – **құндылыққа негізделген оқыту мен тәрбие бағдарламасы** (одан әрі – Бағдарлама).

Бағдарламаның шешуші идеясы оқу-тәрбие процесін білім алушыларды ұлттық құндылықтар негізіндегі жалпыадамгершілік құндылықтарға баулуға бағыттау.

2022-2023 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар ұсынылады:

- ✓ «Оқуға құштар мектеп»;
- ✓ «Отбасы – орта мектеп»;
- ✓ «Құқықтық сана – қауымға пана»;
- ✓ «Дәстүр мен ғұрып»;
- ✓ «Еңбек – елдің мұраты»;
- ✓ «Үнем – қоғам қуаты»;
- ✓ «Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет»
- ✓ «Психологиялық көмек көрсету және мектептің татуластыру қызметтерін ұйымдастыру»
- ✓ «Қоғамға қызмет»;
- ✓ «Мектеп өмірінің бір күні»;
- ✓ «Дебат» қозғалысы;
- ✓ Оқушылардың «Өзін-өзі басқару» ұйымдары;
- ✓ «Өзін-өзі басқару күні», «Өзін-өзі басқару аптасы» жобалары;
- ✓ «Музей сабақтары» – «Музей күні» жобасы;
- ✓ «Театр сабақтары» жобасы.

Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу бағыты. Мектеп жұмысын салтанатпен ашатын алғашқы қоңырау болса, тәрбие бағытының бірі және бірегейі ол патриоттық тәрбие. Тәрбиенің әр бағытының өзіндік ерекшелігімен қажеттілігін ескере отырып, елдің болашағын, ұлтжанды азаматтарды тәрбиелеуде Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу бағытының маңыздылығын түсінеміз. Осы бағытта мектеп оқушылары мен сынып жетекшілері және мұғалімдер болып бірқатар ішаралар өткізіп, нәтижелі жұмыстар атқарды. Жалпы тәрбие кезек күттірмейтін мәселе болғандықтан мектеп көлеміндегі жұмыстар қыркүйектің бірінші аптасынан басталды. Атап айтқанда, 2-қыркүйек – білім күні салтанатты жиыны «Мен өз отанымның патриотымын» тақырыбымен өтті.

Жиында Сонымен қатар жыл басында Қазақстан Республикасы пезиденті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын жүзеге асыру мақсатында жоспар құрылып, жоспар бойынша аталып өтілді.

Алғашқы қоңырау салтанатты жиынының тақырыбы: «Сыңғырла, алғашқы қоңырау!».



Салтанатты жиын уақытында 2-3-4-6-7-8 сынып оқушылары сынып бөлмелерінде алғашқы сабақ өткізілді. Алғашқы сабақ «Мен өз отанымның патриотымын» тақырыбында өткізілді. Мақсаты: оқушыларды өз тәуелсіздігімізді көзіміздің қарашығындай сақтай отырып, мәңгілік ел бола алатынына көз жеткізе отырып, үлес қосуына шақыру. Сонымен қатар, болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идеямен таныстыру. ҚР Рәміздерін насихаттау мақсатында «Еліме арнау» мәнерлеп оқу сайысын 6-сыныптар арасында А.Айтуғанова өткізді. 14 оқушы қатысып, жақсы қырларынан танылды. «Тәуелсіздік шежіресі» атты мектебімізде іс-шара өткізілді.



Қолөнер 1-4-сыныптар арасында қолөнер байқауын Г.Аликенова және А.Джаришева «Жасай бер, Тәуелсіз Қазақстан!» сурет байқауы онлайн ұйымдастырылды.



Жоспар бойынша барлық сыныптарда «Елбасы сенімі - ел сенімі» атты тәрбие сағаты болып өтті. Тәрбие сағатында оқушылар елге, Отанға деген құрметтерін жыр шумақтарымен жеткізді. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» тақырыбында мектеп кітапханасында көрме ұйымдастырылды.



II. Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша жұмыстар

1-қазан «Қарттар күніне» орай «Қарттарым - асыл қазынам» тақырыбында сынып сағаттар өткізілді. Мектеп оқушылары жоспар бойынша мектептегі ұстаздарға «Ұстаздар» күніне орай концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.

«Мұғалімдер мерекесіне» орай «Ұлағатты ұстаз – білікті маман», «Ұстаздық еткен жалықпас» тақырыптарында сынып сағаттар өткізілді.

Мектеп оқушылары мектебіміздің ұлағатты ұстаздарының үйіне барып қайтты.

08.10.2021 ж. күні «Өзін-өзі басқару» күні өткізілді.

Сәуір айында «Оңтүстік өлкеміздің мұражайларына саяхат ұйымдастырылды. Саяхатқа 1-11 сыныптар қатысты.

III. Ұлттық тәрбие «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» ашық тәрбие сағатын 2 «а», 3 «в» сыныптарында өткізілді. Қазан айында сыныптар арасында «Алтын күз» апталығы болып өтті. Апталықта оқушылар мадақтамалармен марапатталды.

IV. Отбасы тәрбиесі

10.09.2021 ж. күні Қазақстанның отбасы күніне арналған XXI ғасыр ата-аналарының "Өз балаң үлгі бол" тақырыбындағы "1 сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек" Республикалық ата-аналар конференциясы өтті. Конференцияға мектеп басшысы А.Р.Сарсенбаева, 32 мұғалім, 106 ата-аналары қатысты. Конференция соңында ата-аналар ризашылығын білдіріп, осындай конференциялардың арқасында ата-аналардың педагогикалық

білімділігі көтеріледі деген пікірлерін ортаға салды. Конференцияны мектеп психологы Г.Расульметова және тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасарлары жүргізді.

2021-2022 ж оқу жылында ата-аналар комитетімен бірлескен жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Ата-аналар комитетімен келісіп, жоспарланған жиналыстар өткізілді. Онда ата-аналарға жалпы құқықтық оқыту бойынша баяндамалар жасалынды, бала тәрбиелеудегі отбасының ролі, дәстүрлі ұлттық және моралдық құндылықтарды жандандыру отбасы негізінде қалыптастыру туралы айтылды. Қыркүйек айында барлық сыныптарда ата-аналар жиналыстары өткізіліп ата-аналар комитеті сайланып, мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысына 102 ата-ана қатысты. Жиналыста мектептің ішкі тәртіп ережесімен ата-аналар таныстырылды. Сыныптарда өткен ата-аналар жиналысындағы сайланған әр бір сынып ата-аналар комитетінен мектепшілік ата-аналар комитетіне ұсыныстар берілді. Ата-аналар комитетімен біріге отырып, жоспар түзілді. Қазан айында ата-аналар комитетінің жұмысын жандандыру қолға алынып, ата-аналармен балаға қатысты мәселемен пікірлесу жиналысы өткізілді. Ата-ананың мектеп туралы көзқарасын анықтау мақсатында мектеп психологы «Ата-ананың мектеп туралы көзқарасы қандай?» атты сауалнаманы алды. Оған барлығы 89 ата-ана қатысты. Суицидтің алдын-алуы бойынша ата-аналарға түсінік жұмыстарын жүргізе отырып, ата-аналармен кездесуде «Жасөспірімдер арасындағы суицидтің болу себептері» тақырыбында баяндама жасады. Мектептің сынып жетекшілері ата-анамен қарым-қатынас дәптерін арнаған, сынып жетекші ата-аналармен тығыз қарым қатынаста.

Ата-ана әртүрлі, олардың мектепке көзқарасы да сан алуан. Әрине, кез келген ата-ана өзі туралы да, баласы туралы да жоғары пікірде болады. Өздерін, балаларын жаңа қырынан көре алатынын байқаған ата-аналар белсенділігі арта түсті.

Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі басым екендігін, бала тәрбиесіне көңіл аз бөлінетінін мойындап, жауапкершілікті сезініп отыр. Қыркүйек айындағы алғашқы ата-аналар жиналысында тәрбие беру шараларын өткізудің маңыздылығына тоқталып, балаларға тәрбие берудің жолдары айтылады. Балаларға тәрбие берудің жас ерекшеліктеріне тоқталып, осы бағыттада жүргізіліп жатқан жұмыстармен, кейбір заң актілерімен таныстырылды.

Сабақтан тыс уақыттарын тиімді өткізу мақсатында қызығушылықтарына байланысты оқушылар үйірмелерге жазылды.

Ата-аналар ұйымдастырушылар мен демеушілерге балаларын назардан тыс қалдырмай, мектепке дайындауға көмектескендері үшін мектеп директоры алғыстарын білдірді.

«Отбасы - бақыт мекені» атты апталық іс шаралар жоспары негізінде «Отбасымен демалыста» фотосуреттер көрмесін 5 «Б» сынып жетекшісімен қол өнер пәні мұғалімі Г.Аликенова ұйымдастырды. Мектеп психологтары ерекше назардағы оқушылармен «Гүл бейнесіндегі менің отбасым» тақырыбында проективті диагностикалық жұмыс жүргізді. «Әкем, шешем және мен» отбасылық спорттық сайысты 4-сыныптар арасында дене шынықтыру пәні мұғалімі өткізді.

V. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Оқу жылының басынан жоспарға сәйкес сыныптарда қоғамдық пайдалы еңбек ету шаралары жүргізіліп келеді. Сынып тазалығы, гүлдендіру, мектеп айналасына сенбілік жүргізілді.

Қыркүйек айында «Жасыл ел» тобы құрылып қауіпсіздік ережелерімен таныстырылды. 27.09.2021ж. күні «Экономика жайлы не білеміз? танымдық сабағын 7 «А» сыныбымен Ж.Смайлова өте жақсы өткізді. Атап өтетіні сабақта оқушыларға әңгімелесу арқылы мүлік, жеке меншік, мемлекеттің, мекеменің, өзгенің жеке меншігіне зиян келтірілген жағдайда қолданылатын әкімшілік жазалар туралы жақсы жеткізе білді. 6 «Г», 6 «А», 6 «Б», 6 «В» сыныптарында «Нан дастархан байлығы» атты сынып сағаты өтті.

6 «А» сыныбына «Табиғатты қорғайық» сынып сағатын, 6 «Б» қалған сыныптарда «Табиғатты аяла да бағала» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. «Бір тал кессең, он тал ек» акциясы ұйымдастырылды. Акцияда әр бір оқушы гүл алып отырғызды. «Құстар біздің досымыз» 1-7 сыныптар құстарға ұя

қорап ілді. 1-4 сыныптарда «Болашақ қала» тақырыбында сурет байқауы болып өтті. Наурыз айында «Сынып бөлмелерінің тазалығы», «Экологиялық қауіп қатер» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Сабақта табиғаттың ластану жағдайлары, алдын алу туралы пікір алмасып, оқушыларға шығармашылық жұмыс тапсырылды.

VI. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

ҚР халықтарының тілдер мерекесі «Төр сенікі, туған тіл» тақырыбында апталық жоспарына сәйкес, тілдер ӘБ жетекшілерінің ұйымдастыруымен оқушылар арасында сайыстар болып өтті. 6-сыныптар арасында қазақ тілі пәнінен «Әдебиет білгірі» сайысы, орыс тілі пәнінен 4-сыныптар арасында «Знатоки русского языка», ағылшын тілі пәнінен 8 сыныптарға «Полиглот», қазақ тілі пәнінен 4-сыныптар арасында «Тілім менің мақтанышым» мәнерлеп оқу сайысын, 5-10 сыныптар арасында «Әлемнің Әбіші» мәнерлеп оқу сайысын өткізді.

VII. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Қыркүйек айында мектепте 8 ақысыз үйірмелер ашылды, жоспарлары бекітілді және барлық мектеп оқушылары үйірмелерге тартылды. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын жүзеге асыру мақсатында «Туған жер – туған ел» атты ашық тәрбие сағатын өткізді. Қаңтар айында «Оқушылардың әр алуан мәдениет пен халықаралық бірлігін көру, біліктілігін дамыту» әңгімелесу жұмысы жүргізілді. Сәуір айында «Оңтүстік өлкеміздің мұражайларына саяхат ұйымдастырылды. Саяхатқа 1-11 сыныптар қатысты.

VIII. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты іс-шара жоспары жасалынып сан бекет, наркобекет топтары құрылып жоспар бекітілді. 24-қазанда 9-10 сыныптарға «Ұлттық алкогольден бас тарту күніне» орай ұйымдастырылған онкүндік аясында «Алкогольге жоқ де!» тақырыбымен жиналыс өткізілді. Жиналысқа 78 оқушы, 6 мұғалім қатысты. Мектептің ДТЖО А.Шыршықбаева онкүндіктің мақсатымен таныстыра келіп, оқушылардың бос уақытының тиімді ұйымдастырылуы, мектептегі және қосымша білім беру ұйымдарындағы үйірме, секцияларға қатысу маңыздылығын айтып, салауатты өмір салтын ұстануға шақырды. Мектеп медбикесі «Алкогольдің адам организміне, өміріне тигізетін зардаптары туралы баяндап, оқушылардың сұрақтарына жауап беріп, пікір алмасты. Дәлізге наркобекет стенді ілініп, паспорты, құрамы қайта жасақталды. Сонымен қатар, қазан айында «Есірткі – заман кеселі», «Ес кетіретін есірткі» тақырыптарында сынып сағаттар өткізілді.

Оқушылар мектепшілік және қала көлеміндегі спорттық үйірмелерге тартылған. Көбіне жастардың қызығушылығы - қол күрес, теэквандо, ушу. Қыркүйек айында мектептің есік алдында таңғы жаттығуларды дене шынықтыру мұғалімдері тұрақты өткізді.

Қазан айында «Жат әрекеттен сақтан!» сурет байқауы оқушылар арасында салауатты өмірге насихаттау жұмыстары онлайн жүргізілді.

Қараша айының 14-23 аралығында «Туберкулез - жұқпалы ауру» 5-9 сыныптар арасында сынып сағаттары жүргізілді. «Зиянды заттардан сақтан!» реферат конкурсы ұйымдастырылды. 20-25.11.2021 ж. аралығында «Бала бойы уланбасын» арнайы маман дәрігерлерімен кездесу өтті. Қараша айында «Спорт менің досым» спорт сайыстары 8 сыныптар арасында ұйымдастырылды.

Желтоқсан айында «Өмір тамаша» акциясы ұйымдастырылды акцияға 8-сынып оқушылары қатысты. Наурыз айында «Денсаулыққа зиян келтіретін факторлар» психологтармен 8-11 сынып оқушыларына сауалнама жүргізілді. «Денсаулық – зор байлық», «Салауатты өмір салтын сақтайық», «Спорт – денсаулық кепілі» сынды сынып сағаттары және сыныптарда таңертеңгілік жаттығулар өткізілді.

Құқықтық тәрбие бағыты

Құқықтық оқыту бағыты бойынша қыркүйек айында жоспар жасалынып бекітілді. Мектепте 2021-2022 оқу жылы басынан кәмелетке толмаған жастар арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында Шымкент қаласы Әл-Фараби ІІБ-мен бірлескен жұмыс жоспары бекітілді. Іс шаралар сол жоспар бойынша атқарылуда. Жоспар бойынша құқықтық кеңес құрылып, мектептегі қиын және қылмысқа бейім оқушылар, астыртын

«көшбасшылар» анықталды, мектепшілік есепке алынып, тәлімгерлер бекітілді. Есепке алынған оқушылардың тәртібі мен сабақ үлгерімі құқықтық кеңес отырысында қаралды және оларды мектепшілік есепке қойылуы туралы шешім қабылданды. Арнайы тәрбиесі қиын оқушылармен жасалатын ДТЖО, КТЖІБ инспекторы, психологтар және әлеуметтік педагогтармен бірлескен жоспарлар жасалынды, жеке папка арналды, әр оқушыға арнайы картотека жасалды. Әр оқушының сынып жетекшілері арнайы жоспар түзіп сол жоспар бойынша жұмыстар жүргізіп, қатаң бақылауға алынған. Қиын оқушылар үйірме жұмыстарына тартылып, кешенді жұмыс жоспары жасалды.

Қыркүйек, қазан айларында ҚББ-нің хатына сәйкес **«Қылмыссыз жарқын болашақ»** айлық акциясы бойынша жұмыс жоспары түзілді. Қыркүйек айының 17-жұлдызында мектеп инспекторының қатысуымен кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында **«Сен өз міндетің мен құқығыңды білесің бе?»** тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Іс-шарада 10-11 сыныптар қатысып, жасөспірімдердің құқықбұзушылығы тақырыбында тартымды пікірталас өтті.

Сондай-ақ мектепке оқу жылының басында **«сенім жәшігі»** орнатылып, мектеп психологы күйзеліске ұшыраған оқушылармен жеке жұмыс жасауды ұйымдастырды. Дегенмен, оқушылар әлі де болса, өз ішкі мәселерін ашуға батылсыз. Мектепке кей жағдайда балалармен болатын келеңсіз жағдайларда ғана олардың қандай да бір ауыр сезімде жүргені анықталады.

Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша қыркүйек және қазан айында жүргізілген жұмыстар төменгідей:

- Мектеп инспекторымен таныстыру
- Мектеп оқушысының құқығы мен міндеттері (лекция)
- Құқықтық тәрбиеге байланысты мектепшілік жиын
- Қиын және қиынға бейім оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын тексеру
- «Жасөспірім және Заң» құқықтық және қоғамдық ұйымдарымен дөңгелек үстел
- Мөлтекауданға қарасты базарлар мен ойынханаларға, жылу құбырлары мен пәтерлерге рейд ұйымдастырылды.

Жоспар бойынша 30.09.2022ж. күні өткізілген мектепшілік ата-аналар жиналысында ДТЖО А.Габсаттарова оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында **«Шымкент қауіпсіз қала»** тақырыбында, мектеп психологы **«Оқушыларды 1 сыныпқа психологиялық дайындау»** тақырыбында слайд түрінде ата-аналарға кеңестер беріп өтті.

Қыркүйек айының алғашқы күндерінен бастап сабаққа келмейтін оқушылар мен тәртібі нашар оқушылар мектеп ішілік есепке тіркелді. Ерекше назарда тұрған оқушылар саны 2. Әр оқушыға жеке жоспар құрылып, жеке іс-қағаздары жинақталып, бақылау дәптерін сынып жетекшісі жүргізуде. Ата-аналары шақыртылып, жиналыс өткізіліп, оқушылардың сабаққа күнделікті қатысуы тұрақты күнбе күн тексеріліп отырады. Сабаққа қатысты тексеріп, зерделеп отыратын арнайы дәптерге себепсіз қалған оқушылар тіркеліп, мән-жайы уақытында анықталып себебі сұралады.

Күнделікті себепсіз сабақтан қалған оқушылар анықталып, оқушылардан, ата-аналардан түсініктеме алынып, ескерту беріледі. Сынып жетекшілер сыныптарының бірінші сабақтарына келіп, оқушыларын түгендеп, себепсіз келмей отырған оқушыларды анықтап, дереу ата-аналарымен байланысады. Кей сыныптың ата-аналары жауапкершіліксіздік танытып, телефондарын көтермей, сынып жетекшілер үйіне барып келеді. Ата-аналары шақыртылып, тиісті хаттамалар толтырылды.

25.09.2021ж. күні құқықбұзушылық, қаңғыбастық, нашақорлық, суицид, зорлық-зомбылық, ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында 8-11 сынып оқушыларымен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Габсаттарова, мектеп инспекторы, мектеп психологы және мектеп мед.бикесінің қатысуымен әңгіме жүргізілді.

Қыркүйек айында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Габсаттарова және мектеп инспекторымен **«Жолда жүру ережесі»** бойынша слайд арқылы жолдағы қауіпсіздіктер туралы түсініктеме жұмыстарын жүргізді. Мектеп жасындағы балалардың жол қауіпсіздігінің алдын алу, көшеде заңға бағынушылық тәртібін қалыптастыру мақсатында **«Абайлаңыз, балалар!»** жедел-профилактикалық іс-шара онкүндігі жоспарланып сынып сағаттары,

тренинг, сайыс, алғашқы медициналық жәрдем көрсету сағаты ұйымдастырылды. 1-5 сынып оқушыларына, ата-аналарға жол-көлік оқиғасының алдын алу, сақтық шаралары туралы жиналысы ұйымдастырылды. Жыл бойы жоспарға сәйкес ауқымды шаралар жоспары жасақталды. Оқушылардың мектепке келіп-кетуіне ата-ана жауапкершілігін күшейту әр сынып жетекшілеріне жауапкершілік міндеттелді. Алыстан қатынап оқитын оқушылардан қол хат алынды. Қалалық білім бөлімінің ұйымдастырған іс-шарасымен көлік жүргізушілеріне мектеп оқушылары және мектеп инспекторы брошюралар таратылды.

1-8 сынып жетекшілері сыныптарында жолда жүру ережесі бойынша мектеп инспекторын шақыртып, сынып сағаттарын өткізді.

07-11.2021ж. күндер аралығында сынып жетекшілер сыныптарында сынып сағаттарын өткізіп, жоба туралы, жалпы зорлық-зомбылық туралы жастарына сәйкес түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

08.11.2021ж. күні осы жасалған жұмыстар негізінде, оқушылар мен ұжымнан, ата-аналардан түскен ұсыныстар негізінде мектептің миссиясы мен этика ережелері бекітіліп, мектептің дәліздеріне, асханаға, әжетханаларға, спорт залдарына ережелер жазылған тақтайшалар мен сынып бөлмелерінде мектептің миссиясы мен этика ережелері жазылған стендтер ілінді.

Қаңтар айында оқушыларды қоршаған ортаға мейіріммен және патриоттық көзқараспен, ақиқат пен адалдық қасиеттерін бойға сіңіру мақсатында «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубына қабылдады.

1-11-сыныптарға «Сыбайлас жемқорлықсыз мемлекет қандай болады?» тақырыбында сынып сағаттары өткізіліп, жас ұрпақты адалдыққа, еңбексүйгіштікке баулыды. Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу бағдарламасын қалыптастыру мақсатымен «Ар-ұят – адамгершілік қасиет» тақырыбында 3 «б» сыныбына сынып жетекшісі А.Баймаханова тәрбие сағатын өткізіп, рухани адамгершілік тәрбие, бес асыл іс туралы айтып, жас ұрпақты адалдыққа, еңбексүйгіштікке баулыды. 4-сыныптарға клуб мүшелері «Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында түсінік жұмысын жүргізіп, Ата заң, құқық жайлы танымын арттырды. 9-10 сынып оқушыларынан «Жемқорлық дегеніміз не?» тақырыбында сауалнамалар алынып, «Адал ұрпақ» клубы мүшелері Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл» туралы Заңындағы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністері туындайтын қауіп-қатерден республикамыздың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында пікірлер айтылды. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл» туралы мектеп әкімшілігі мектептің фаесіне «Сенім жәшігін» ілді. Қаңтар - наурыз айлары бойынша өткізілетін жұмыстар жоспары жасалынып, барлық іс-шаралар уақытымен өткізілді. Қаңтар айында II – ші тоқсан қорытындысы бойынша ата - аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс кезінде «Біз қандай ата-анамыз?» атты ата-аналардан сауалнама алынды. Қаңтар айы бойы оқушылардың түнгі мезгілде көшеде бейсауат жүрмеуін қадағалау мақсатында рейд жүргізілді. «Сенім» жәшігіне түскен хаттар қарастырылды. Қиын оқушылармен жұмыстар өткізілді.

Өзін-өзі басқару ұйымы

Мектеп оқушылары жоспар бойынша қазан айында мектептегі ұстаздарға **«Ұстаздар»** күніне орай концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Ұстаздар күніне орай 9-сыныпта **«Ұстаз аты биік, әрі мәңгілік»** атты ашық тәрбие сағаты және 1-9 сынып оқушыларының қатысуымен **«Ұстаз, сізге мың алғыс»** атты мерекелік кеш ұйымдастырылды. Оқушылар өз өнерлерін көрсетіп, ұстаздарын құрметтеді.

«Мұғалімдер мерекесіне» орай «Ұлағатты ұстаз – білікті маман», «Ұстаздық еткен жалықпас» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. 07.10.2021ж. күні «Өзін-өзі басқару» күні өткізілді.

Желтоқсан айының 26 жұлдызында өзін-өзі басқару ұйымы «Жаңа жыл шыршасы» іс шара жоспарын дайындап мектеп оқушыларымен көрсетіп өткізді. Наурыз айы мерекеден басталды. Халықаралық әйелдер күніне арналған кеш ұйымдастырылды. **«Асыл анашым», «Әлемнің жарығын сыйладың сен маған», «Ару қыздар, асыл қыздар, сендер көктем гүлісің»** атты іс-шаралар өткізілді. Наурыздың 9-шы жұлдызында **«Қош келдің - әз Наурыз!»** атты 1 – 11 сынып оқушылар арасында мерекелік іс-шара өткізілді. Бұл іс-шараға жыл сайын ата-аналар дастархан жайып, ұлттық тағамдар әзірлеп, белсене қатысады. Оқушылар мерекелік концерт дайындап, ұлттық ойындар өткізді.


Сәуір айында да көптеген іс - шаралар өткізілді. ІІІ тоқсан қорытындысы бойынша айдың басында ата-аналар жиналысы болды. «Табиғат және біз» атты экологиялық айлығы өткізілді. Мамыр айы мерекелері онлайн режимінде басталды. 1 мамыр - Бірлік күніне арналған тәрбие сағаты, 7 мамыр - Отан қорғаушылар күніне, 9 мамыр - Жеңіс күніне орай тақырыпқа сай онлайн түрде тәрбие сағаттары өткізілді.

Айбек атындағы №14 жалпы орта білім беретін мектебінің тәрбие ісі бағдарламасының бағыттары бойынша жұмыс істейді және тәрбие жұмысы негізгі 8 бағыт бойынша әр айға бөлініп, жоспарланып жасалған. Іс-шаралар жоспарға сәйкес жүргізіледі. Сонымен қатар сынып жетекшілердің тәрбие жоспарлары тәрбиенің негізгі бағыттары бойынша жасалып бекітілген, сынып сағаттары жоспар бойынша жүргізіліп келеді. Сынып жетекшілер бірлестігі осы тақырыпты негізге ала отырып, оқушыларға адамгершілік, эстетикалық тәрбие беріледі. Биылғы оқу жылында сынып жетекшілер бірлестігінде жеті – ақыл-ой тәрбиесін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, патриоттық тәрбие беру, саяси саналыққа, еңбекке, қайырымдылыққа баулу бағыттары бойынша жұмыс істейді.

Мектебімізде 8 ақысыз үйірмелері жұмыс істейді. Үйірмелер кестесі құрылып, әр үйірменің жұмыс жоспарлары жасалынды.

Мектептегі үйірмелердің жұмысы. Оқушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру.

Мектепте оқушылардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру және жасөспірімдер арасында қылмыстың алдын алу мақсатында үйірме жұмыстарын жүргізу жолға қойылып, жоспары бекітілді. Мектепте үйірме жұмыс істейді. Оларға арнайы бұйрық бойынша төмендегі жетекшілер бекітілген:



	<i>Үйірменің атауы, жетекшісі</i>	<i>Үйірмелер</i>	<i>Жауапты мұғалімдер</i>
1.	«Би қадамы» үйірмесі Жетекшісі – Манатова А	«Би қадамы»	Манатова А
2.	«Шебер қолдар» үйірмесі Жетекшісі – Алшоразова Қ	«Кестелі орамал»	Аликенова Г
		«Ою-өрнектер»	Алшоразова Г
		«Клубочек»	Джаришева А
		«Веселый карандаш»	Джаришева А
		«Шебер қолдар»	Алшоразова Қ
3.	«Спорт әлемінде» үйірмесі Жетекшісі – Аштарханов Д	«Тоғызқумалақ»	Аштарханов Д.
		«Футбол»	Иляев С
		«Волейбол»	Хурсанбекова З
		«Баскетбол», «Үстел теннисі»	Писарева М
4.	«Happy English» үйірмесі Жетекшісі – Оралбай А	«Amazing English»	Оралбай А.
		«Natural Science»	Оралбай А.

Барлық үйірмелердің күнтізбелік жылдық жұмыс жоспарлары бекітілген. Қатысатын оқушылар тізімі, өтілу уақыты және кестесі бар. Сол жоспар бойынша жұмыс жүргізілуде.

Сабақтан тыс уақыттарын тиімді өткізу мақсатында қызығушылықтарына байланысты оқушылар үйірмелерге жазылды.

Волейбол, Баскетбол үйірмелері. Үйірмеге қатысушылар арасында волейболдан жарыстар ұйымдастырылды.

Тәуелсіздік күніне орай үйірмеге қатысушылар арасында волейболдан жарыс болып өтті.

Ақпан айында «Салауатты өмір жасасын!» атты жарыс ұйымдастырылды.

Сәуір айында дене шынықтыру пәні апталығы болып өтті осыған орай 8-11 сыныптар арасында эстафеталық жарыстар ұйымдастырылды.

«Салауатты өмір салтын насихаттау» бағыты бойынша сыныптар арасында «**Шағын волейбол**» атты жарыс ұйымдастырылды және жеңімпаздар мадақтамамен марапатталды.

Үйірмелер арасында жоспарға сай өткізбеген үйірмелер де бар.

Мектеп оқушыларының әлеуметтік зерттеудегі қорытындысы, мектепте ыстық тамақты ұйымдастыру

Оқушылармен жұмыс: әлеуметтік мәртебеге ие оқушылармен жұмыстар, педагогикалық – психологиялық жұмыстар жүргізілді, өмір сүру жағдайы зерттелді, қиын және құқық бұзуға бейім оқушылардың қызығушылығы мен бос уақытын анықтау мақсатында анкеталар алынып, жекелей әңгімелесу әдістері жүргізілді, мектепке келген жаңа оқушыға әлеуметтік ортаға бейімделуге әлеуметтік – психологиялық жұмыстар жүргізілді, тәртібінде ауытқуы бар және қолайсыз отбасы балаларымен әлеуметтік—педагогикалық жұмыстар атқарылды. Ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен, жартылай жетім және көп балалы отбасылармен бірқатар жұмыстар жүргізіліп отырылды.

Мектеппен жұмыс: барлық атқарылып жатқан әлеуметтік көмектер мектеп әкімшілігінің көмегімен және демеушілермен жан-жақты тығыз қарым-қатынаста жүргізіліп отырды. Ай сайынғы кеңестер мен қамқорлық кеңесінің отырысында тұрмыс жағдайы төмен, жетім және жартылай жетім оқушылардың мәселелері талқыланып отырылды.

2021-2022 оқу жылында тұл жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға, жартылай жетім, аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету мақсатында «Қамқорлық» кеңесінің жұмысы мен жылдық жоспары жасалынып, мектеп әкімшілігі тарапынан бекітілді. Ата-аналар үшін 1-4 сыныптар аралығында тегін ыстық тамақ ұйымдастырылып, азанғы ас және полдник ақылы түрде қамтылған. Көмек алған оқушылардың санатына келсек:

Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы-25

Тұл жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар-1

«Болашақ» мектебі мекемесінде 2021-2022 оқу жылында барлығы 1379 оқушылар бар. Оның ішінде.

Қамқорлықта-1 (Танташова А.)

Жартылай жетім – 28,

Аз қамтылған – 52,

Көп балалы отбасынан шыққан балалар -127,

Мүгедек - 10 (үйде оқытылатын оқушылар -10),

Мектепте 2021 жылдың қыркүйек айында мектеп оқушыларын диагностикалық зерттеу арқылы мектептің сынып паспорты жасалынды. Қажетті құжаттар жинақталды.

Аз қамтылған оқушылардың тұрмыс жағдайлары жылына екі рет тексеріліп, акт жасалынды. Сонымен қатар денсаулықтары жылына екі рет дәрігерлік тексеруден өткізіліп, анықтамалары алынды..

Оқу жылының басында оқушылардың жекеленген санаттарына байланысты және ата-анасының арызымен «Жалпыға міндетті білім беру» қорынан қарастырылған қаржыға берілетін ыстық тамақпен 15.10-28.12.2021 жыл аралығында 665 оқушы қамтылды. Аз қамтамасыз етілген отбасы балаларына ыстық тамақты ұйымдастыру үшін күндігіне тамақ құны 484 теңгені құрайды. 232 оқушы тізімі бойынша төмендегідей мәртебелерге бөлінді:

Атаулы әлеуметтік көмек алған оқушылар-25

Аз қамтылған оқушылар саны-52

Жартылай жетім оқушылар саны-28

Көп балалы оқушылар саны-127

Тегін ыстық тамақпен тамақтанатын балаларға берілетін тамақ талондар дәлел болып табылады. Оқушылар талонмен 2-3 сабақтан соң үзіліс кезінде тамақтанады.

Әлеуметтік педагогте ай сайынғы тамақтану бойынша есептер жинағы жинақталған.

Мектеп бойынша ыстық тамақпен - 665 оқушы қамтылған.

2022-2023 оқу жылының мақсаты мен міндеттері:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тұлғаны жалпыадамзаттық құндылықтар негізіндетәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету
2. 2022-2023 оқу жылында білім беруді ұйымдастыруда келесі міндеттерге назар аудару керек:
 - 1) білім алушылардың білімін толықтыру;
 - 2) оқу жүктемесі төмендетілген ҰОЖ-ын жүзеге асыру;
 - 3) қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
 - 4) цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау.
3. Әрбір білім беру ұйымының міндеті – білім алушының тұлғалық үйлесімді қалыптасуы, функционалды сауаттылығы мен бәсекегеқабілеттілігінің дамуы үшін қолайлы, жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру ортасын құру.
4. 2022-2023 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесінормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыру
5. 2022-2023 оқу жылының басты міндеті – білім алушылардың өткен оқу жылындағы білімін толықтыра отырып, жаңа оқу жылының бағдарламасын жүзеге асыру.
6. 5-сыныптан 11-сыныптар аралығында «Жаһандық құзыреттіліктер» таңдау курсын немесе басқа курстарды енгізу.
7. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға оқу бағдарламаларын бейімдеу.
8. Ұлттық құндылықтар негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыру (қарым-қатынас, мектеп қоңырауы).
9. "Білім туралы" Заңды орындау әр ұстаздың басты міндеті деп есептеу. Оқу бағдарламасы бойынша оқушыларға білім беруде білім стандартының талаптарын қамтамасыз ету;
10. Мемлекеттік тілді үйренуді басты назарда ұстау;
11. Билингвальді білім беру әдісін, жаңа технологияларды енгізу арқылы және интерактивті оқыту әдісін қолдана отырып оқушылардың білім сапасын, таным деңгейін көтеру;
12. Оқушылардың тәрбиелік деңгейін және сабаққа толық қатынасуын үнемі бақылап, қадағалап отыру;
13. Мұғалімнің еңбегін бағалауда педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңестің қызметін күшейту;
14. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға кіріктірілген (инклюзивті) білім беруді ұйымдастыру;
15. «Педагог кадрлардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығын негізге ала отырып кадрларды курсқа жіберу;
16. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде пәндер бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша ұйымдастырылған курстарға жіберу;
17. Жас мұғалімдермен жұмысты жетілдіру, алдыңғы қатарлы озық педагогикалық іс-тәжірибелерді кеңірек үйрену және тарату;
18. Дарынды оқушыларды даярлап, даралап оқытуға кең жол ашу;
19. Оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру мақсатында жүргізіліп жатқан іс-шаралар жүйесін күшейту.
20. Оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыруда ата-аналармен, жұртшылықпен, қоғаммен тығыз байланыс орнату;

21. Ұжымда, оқушылармен мұғалімдердің моральдық бірлесіп жұмыс жасауына құқықтық-психологиялық климат қалыптастыруға жағдай жасау.
22. Оқушылармен құқықбұзушылықтың, өз-өзіне қол жұмсауын (суицид) алдын алу және саналы тәрбие беру бойынша жұмыс жүйесін жетілдіру;
23. Жасөспірімдер мен балалардың денсаулығын қорғау мәселесіне ерекше көңіл бөлу;
24. Отбасылық тәрбие негізінде баланың рухани адамгершілік және әдептілік қасиеттерін қалыптастыру;
25. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту.

II БӨЛІМ

Жалпы орта білім берудегі тегін бастауыш, негізгі және орта (толық) білім алуға бағытталған мектептегі ұйымдастыру қызметі.

Мектеп ұжымы алдындағы негізгі міндеттер. Жалпы ұйымдық жұмыс ("Білім туралы" Заңын жүзеге асыру)

№	Орындалатын жұмыстар мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
Тамыз			
1	Жалпыға бірдей міндетті оқу Заңын жүзеге асыру	III апта	Мектеп директоры
2.	Мөлтекаудандар бойынша оқу 0-17 жас есебін анықтау, рейдтер жүргізу, тізімін анықтау	III апта	Жауапты мұғалімдер
3.	Орта мектепті бітірген оқушылардың оқуға, жұмысқа орналасуы туралы сынып жетекшілерден мәлімет алу		Сынып жетекшілері
Қыркүйек			
1.	Оқушыларды тасымалдауды ұйымдастыру	I-апта	А. Габсаттарова сынып жетекшілері
2.	Оқушылардың тәрбие деңгейін анықтау үшін сауалнама жүргізу, кеңес беру	II-апта	Мектеп әкімшілігі
3.	Ыстық тамақпен қамтамасыз ету		Мектеп әкімшілігі
4.	«Денсаулық» бағдарламасын іске асыру. Оқушылар денсаулығы туралы толық мәлімет алу.	III-апта	Мектеп әкімшілігі
5.	Девианттық мінез-құлықты оқушылардың отбасына педагогикалық анализ жасау	I-апта	Мектеп әкімшілігі
6.	Оқу процесіндегі қиыншылықтарды анықтау, зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру	I-апта	Мектеп әкімшілігі
7.	Сабақтан көп қалатын оқушылардың ата-аналарымен әңгімелесу	Ай бойы	Мектеп әкімшілігі
Қазан			
1.	Үлгерімі төмен оқушылардың мектепті қалдырып кетуіне жол бермеу шараларын жасау, жастар ісі жөніндегі инспектормен байланыста болу	Үнемі	ДТЖО
2	Әлеуметтік бейімделуінде қиыншылығы бар балалардың ата-аналарына психологиялық-педагогикалық кеңес беру	13.10	Әлеуметтік педагог-психолог
3	Мектеп мұғалімдерімен кеңес орталығын құру	9.10	Мектеп директоры
4	Әлеуметтік-психологиялық зерттеу: Оқушының өзін-өзі дамыту және әлеуметтік-психологиялық бейімдеу проблемасы	15.10	Әлеуметтік педагог-психолог
5	Оқушылардың сабақтан тыс уақыттарын қалай өткізетіндіктеріне бақылау жасау, соған орай шара белгілеу	22.10	Габсаттарова А.С. Ахметжанов Р.Р.
Қараша			
1	Ыстық тамақты ұйымдастыруды бақылауға алу	15.11	Мектеп директоры
2	10-11 сыныптарды педагогикалық-психологиялық консилиум өткізу. Мақсаты: мектептегі өзін-өзі басқаруды жетілдіру.	19.11	Әлеуметтік педагог педагог-психолог ДОЖЖО, ДТЖЖО Сынып жетекшілері
3	Оқушылардың білім деңгейі және олардың даму деңгейін анықтау	21.11	Арынова Л.Т

4	Ата-аналар жиналысы: оқушылардың білім алу жағдайы және даму деңгейінің қорытындысы	25.11	Арынова Л.Т
5	Даму деңгейі төмен оқушылардың ата-аналарына жеке кеңес беру	27.11	Арынова Л.Т
Желтоқсан			
1	Әлеуметтік жағдайы төмен және көп балалы отбасы балаларына материалдық көмек беруге бақылау жүргізу.	5.12	Әлуметтік педагог
2	Әлеуметтенуінде қиыншылығы бар балалардың ата-аналарына педагогикалық-психологиялық кеңес беру	7.12	Әлуметтік педагог, педагог-психолог
3	Бала тәрбиесінің деңгейін сауалнама арқылы анықтау	10.12	Ахметжанов Р.Р.
4	Үлгерімі төмен оқушылармен жеке және қосымша сабақтар өткізу	17.12	Пән мұғалімдері
5	Мұғалімдерге арналған семинар Оқушының білім деңгейі мен өміріне, әлеуметтік ортаға бейімделуіне байланысты жүйкесіне күш түсірмеу.	24.12	Әлуметтік педагог, педагог-психолог
Қаңтар			
1	Оқушылардың мамандық және кәсіптік деңгейін анықтау жұмысын қорытындылау	14.01	Мектеп әкімшілігі Әлуметтік педагог, педагог-психолог
2	Санитарлық-гигиеналық режимдердің орындалуына бақылау жасау	17.01	Ахметжанов Р.Р. Сынып жетекшілері
3	Интеллектуалдық ойын: «жеке тұлғаны дамыту негізінде оқушылардың зерттеу жұмыстарын жүргізу»	21.01	Есимханова А.А
4	Тақырыптық шолу: «Оқушының даму деңгейін анықтауда жаңа технологияны пайдалану»	28.01	Есимханова А.А

Ақпан			
1	Үй тапсырмасының орындалуын бақылау, үй тапсырма көлемі, оқушы денсаулығына кері әсер ететін факторларды анықтау	4.02	Рысбекова М.У.
2	Оқушылардың сабаққа қатысуы туралы мәлімет дайындау және талдау	11.02	Ахметжанов Р.Р. Рысбекова М.У.
3	Сабақтан тыс және сабақта оқушылар мен мұғалімдердің өзара қарым қатынасын бақылау	18.02	Ахметжанов Р.Р. педагог-психолог Сынып жетекшілері
4	Ата-аналар жиналысы	22.02	Мектеп әкімшілігі
5	Техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша жұмыс барысы	28.02	Ахметжанов Р.Р. педагог-психолог сынып жетекшілері
Наурыз			
1	Ата-аналарға жеке тақырыптық кеңес беру	I-апта	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілері
2	Білім беру олқылықтарын анықтау (1-11 сыныптар)	II-апта	Рысбекова М.У. ДОТЖЖО
3	Пәндік үйірмелер жұмыстарының нәтижесі	III-апта	Рысбекова М.У. ДОТЖЖО
4	Сабақ мазмұнының білім стандартына сәйкестігін анықтау	IV-апта	Рысбекова М.У. ДОТЖЖО

Сәуір			
1	Журналды тексеру қорытындысы	I апта	Рысбекова М.У. ДОТЖЖО
2	Оқушылардың сабаққа қатысуы туралы мәлімет дайындау	II апта	Рысбекова М.У. Сынып жетекшілері
3	Емтиханға дайындық жоспарын бекіту	III апта	Мектеп директоры Абилдаева Б.Т.
4	Дарынды балалармен жұмыстың қорытындысы	IV апта	Рысбекова М.У. ДОТЖЖО
Мамыр-Маусым			
1	Еңбек бригадаларын құру тізбесін жасау	II-апта	Мектеп директоры Абилдаева Б.Т.
2	Еңбек демалысының тізбесін жасау	III-апта	Мектеп әкімшілігі
3	Оқушылар қозғалысы	IV-апта	Рысбекова М.У. ДОТЖЖО
4	Жалпы және негізгі орта білім туралы аттестаттарды беру	III-апта	Рысбекова М.У. ДОЖЖО
5	Білім сапасы бойынша есеп	IV-апта	Рысбекова М.У. ДОТЖЖО

III БӨЛІМ

Педагог кадрлармен жұмыс және олардың біліктілігін арттыру, аттестация жұмыстары

Педагогикалық кадрлармен жұмыс, олардың білім дәрежесін жоғарылату

№	Атқарылатын жұмыстардың мазмұны	Мерзімі	Жауапты
Педагогикалық кадрлармен жұмыс			
1	Мұғалімдердің сабақ жүктемелерін алдын ала белгілеп, бекіту.	Тамыз, мамыр	Рысбекова М.У. ӘБ жетекшілері
2	Педагог кадрлардың сапалық құрамын анықтау.	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі Іс-қағаздарын жүргізуші
3	Педагог кадрларды еңбек тәртібі туралы бұйрықтармен таныстыру.	Тамыз	Мектеп әкімшілігі
4	Мұғалімдердің қоғамдық жұмыстарын белгілеу. Қоғамдық жұмыстың барысын бақылау, есептерін талқылау.	Тамыз Тұрақты	Мектеп әкімшілігі
5	Мұғалімдердің еңбек жағдайын жақсарту бойынша жұмыстар атқару.	Жыл көлемінде	Мектеп әкімшілігі Кәсіподақ төрайымы
6	Тиісті мұғалімдерді кезекті аттестациядан өткізу, аттестациялық комиссияның ескертулерін қадағалап отыру.	үнемі	Арынова Л.Т. Комиссия мүшелері
7	Мұғалімдерді жұмыс сапасын арттыруда сіңірген еңбегі үшін берілген моральдық және материалдық ынталандыру іс- шараларын жүргізу.	Жыл көлемінде	Мектеп әкімшілігі Кәсіподақ төрайымы
8	Біліктілігін арттырып, тәжірибе жинақтаған мұғалімдер мектеп ұжымына алған біліктіліктерін тарату мақсатында семинар ұйымдастырып тәжірибе алмастыру	Жыл көлемінде	Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері
9	Тәжірибесі аз мұғалімдерге жан-жақты көмек көрсету.	Жыл бойында	Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері

10	Мұғалімдерді дер кезінде білім жетілдіру курстарына жіберіп тұру.	Жоспар бойынша	Арынова Л.Т.
11	Мұғалімдердің өз білімін көтеруін бақылау, қажет болса көмек көрсету, өз білімін көтерудің барысы жайлы мұғалімдердің хабарламасын тыңдап тұру.	Жыл бойында	Мектеп әкімшілігі Арынова Л.Т.
12	Педагогикалық және әдістемелік жаңалықтармен танысып, пікір алысып, талқылап тұру.	Ай сайын	Мектеп әкімшілігі Мұғалімдер
13	Мұғалімдердің үй жайы және тұрмыс жағдайымен танысу, мүмкіндігіне қарай көмек көрсету.	қажеттілігінше	Кәсіподақ төрайымы
14	Мұғалімдердің мәдени демалысын ұйымдастыру және денсаулығын сақтауға қамқорлық жасау. А) Мұражай, театр, концерттерге ұжым болып бару. Демалыс үйлеріне, санаторияларға жолдама алып беру (мүмкіндігіне қарай)	үнемі	Кәсіподақ мүшелері
15	Пед. ұжым арасында еңбек тәртібін бұзған не басқа да моральдік қателіктер жіберген мұғалімдерді дер кезінде ұжымда талқылап қоғамдық пікір туғызу, тиісті шара қолдану.	Тұрақты	Мектеп әкімшілігі Кәсіподақ төрайымы
16	Білім заңының талаптарын жүзеге асыруда мұғалімдердің жауапкершілігін арттыру. Мұғалімдердің істеген жұмыстары туралы ауызша не жазбаша есебін тыңдау, жыл аяғында қорытып, әр мұғалімнің жұмысына баға беру.	Тұрақты	Мектеп әкімшілігі
17	Мұғалімдер ұжымының қала өміріне және түрлі саяси науқандарға белсене қатынасуын қамтамасыз ету.	Тұрақты	Мектеп әкімшілігі
18	"Жыл мұғалімі" конкурсын ұйымдастыру.	наурыз	

Әдістемелік жұмыстың тақырыбы:

"Заманауи білім беру мазмұны аясында мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыта отырып, жеке тұлғаның функционалдық сауаттылығын арттыру"

Мақсаты: Адамның толыққанды дамуы - мұғалім және оқушы

Міндеттері:

1. Оқушының жеке басының дамуына қаратылған оқу және білім беру бағдарламаларын қарап шығу
2. Педагогикалық ұжымды баланың шығармашылық мүмкіндіктерін арттыратын технологияларды игеруге жұмылдыру
3. Оқушының мұғаліммен және басқа оқушылармен қарым-қатынас жасауына эмоционал - технологиялық қолайлы жағдай жасату
4. Мектеп пен отбасының гуманизация принциптеріне негізделген қарым-қатынас ұйымдастыру.

Ұйымдастыру мәселелері:

Оқу және әдістемелік мәселелерді жүзеге асыру үшін мектепшілік әдіскерлік бірлестіктер құру.

1. Бастауыш сыныптар ӘБ жетекшісі Баймаханова А, Асланова Ж
2. Қазақ тілі және әдебиеті ӘБ жетекшісі. Керимбекова Ф.Қ.
3. Орыс тілі және әдебиеті ӘБ жетекшісі Ералиева Ф
4. Ағылшын тілі ӘБ жетекшісі Оралбай А.Ш.
5. Математика және информатика ӘБ жетекшісі Айтуғанова А
6. География, тарих ӘБ жетекшісі Арыстанова К.
7. Дене шынықтыру, Көркем еңбек, бейнелеу өнері, музыка ӘБ жетекшісі Аштарханов Д.
8. Физика, химия ӘБ жетекшісі Тулебаева М.Қ.

Әдіскерлік жұмыстарды ретімен жүргізу үшін әдіскерлік кеңесті төмендегі құрамда түзу:

1. Абилдаева Б.Т. - мектеп директоры
2. Рысбекова М.У. - директордың оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары
3. Арынова Л.Т. - директордың инновациялық жөніндегі орынбасары
4. Ахметжанов Р.Р. - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
5. Бастауыш сыныптар ӘБ жетекшісі Баймаханова А, Асланова Ж
6. Қазақ тілі және әдебиеті ӘБ жетекшісі. Керимбекова Ф.Қ.
7. Орыс тілі және әдебиеті ӘБ жетекшісі Ералиева Ф.М.
8. Ағылшын тілі ӘБ жетекшісі Оралбай А.Ш.
9. Математика және информатика ӘБ жетекшісі Айтуғанова А.
10. География, тарих ӘБ жетекшісі Арыстанова К.
11. Дене шынықтыру, Көркем еңбек, бейнелеу өнері, музыка ӘБ жетекшісі Аштарханов Д.
12. Физика, химия ӘБ жетекшісі Тулебаева М.Қ.

Әдістемелік жұмысының жоспары

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1.	Жаңа оқу жылына мектептің әдістемелік қызметінің дайындығын бақылау	20.08-31.08.22 ж.	Әкімшілік
2.	ӘБ бағыт сілтейтін әдістемелік жиналыс "Оқу - әдістемелік қамтамасыздандырудың нақтылығын оқу бағдарламасын білуін, білім стандартын талап ету"	29.08.2022ж.	Әкімшілік Арынова Л.Т.
3.	Біліктілігін көтеру курсына жазылған пән мұғалімдерінің сұранымдарын корректілеу	28.08.22 ж.	Арынова Л.Т.
4.	Кабинеттерді материалдық техникалық жабдықтандыру бойынша тексеру	27.08.22 ж.	Әкімшілік
5.	Қайта келген мұғалімдермен және жас мамандармен пікірлесу	25.08.22 ж.	Әкімшілік Арынова Л.Т.
6.	Мектептің әдістеме кеңесінің жұмыс жоспарын айқындау	27.08.22 ж.	ӘБ жетекшілері
7.	Әдістемелік жұмыс бойынша стендіні безендіру	03.09-8.09.22 ж.	Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері
8.	Әдістемелік жұмыс бойынша құжаттарды рәсімдеу (бағдарлама, жоспар, графиктер)	03.09-8.09.22 ж.	Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері
9.	"Ең жақсы сынып бөлмесі", "Ең күшті", "Жыл мұғалімі" байқауларының зерттеме дәрежесі	10.09-15.09.22 ж.	Әкімшілік
10.	Пән бойынша элективті сабақтардың өтілу жоспары мен бағдарламасының зерттемесі	10.09-15.09.22 ж.	Рысбекова М.У.
11.	ӘБ жұмыс жоспарын тексеру	17.09-22.09.22 ж.	Арынова Л.Т.
12.	Пән бойынша жарыстар, байқаулар, олимпиада, "XXI ғасырдың көшбасшысы" атты мектеп турларын өткізу графикін құру	Қыркүйек	Арынова Л.Т.
13.	Оқу-даярлық қызметін (көшбасшысы бағдарламасы бойынша) және жоғары, жоғарырақ мотивациясы бар оқушылар, дарынды балалармен жұмыс жоспарын құру	Қыркүйек	Рысбекова М.У Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері
14.	Мұғалімдерді аттестациялау туралы ережемен танысу	14.09.22 ж.	Арынова Л.Т.
15.	"Ең күшті", "Жыл мұғалімі" байқауының мектепшілік турына қатысушылар тізімін құру	Қыркүйек	Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері
16.	II тоқсан жұмыс жоспарын корректілеу,	03.10.22 ж.	оқу-тәрб. ісі жөн.

	жетекшілермен жиналыс өткізу		дир. орын.
17.	Жұмыс жоспарын корректілеу, ұсыныс қорытындылары, I тоқсан бойынша әр түрлі дәрежедегі оқушылармен ӘБ мұғалімдерінің жүргізген жұмыс қорытындысын өткізу	Қажет.	Рысбекова М.У Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері
18.	Оқу-ұстанымдық қызметіне жоғары мотивациясы бар оқушылармен ӘБ жоспарының орындалуын бақылау	Қазан	Әкімшілік
19.	ӘБ жетекшілерімен бірлесе отырып пән апталықтарының жоспарын құру	Қыркүйек	Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері
20.	ӘБ отырысына қатысу	Қажет.	Рысбекова М.У Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері
21.	Сабақтарға қатысу, ұсыныстар, шешімдер	Жыл бойы	Рысбекова М.У Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері
22.	Мұғалімдердің кәсіби қиындықтарын жою сұрақтары бойынша жұмыс	Жыл бойы	Әкімшілік
23.	Жас мамандармен жұмыс жүргізу	Жыл бойы	Рысбекова М.У Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері
24.	Мұғалімдердің білім квалификациясын жетілдіру курсына қатысуларын бақылау	Жыл бойы	Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері
25.	Аттестациядан өтетін мұғалімдердің сабақтарына қатысу	Жыл бойы	Арынова Л.Т. Комиссия мүшелері
26.	"Жыл мұғалімі" байқауына байланысты мектепшілік айналымдарын өткізу, қорытындысын шығару	Ақпан	Рысбекова М.У Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері
27.	"Ең үздік кабинет" көру - байқауын өткізу	Қараша	Әкімшілік
28.	Әдістемелік кеңес отырысы	Қараша	Рысбекова М.У ӘБ жетекшілері
29.	ӘБ отырыстарына қатысу	Жыл бойы	Рысбекова М.У
30.	5-11-сыныптар аралығында мектепшілік олимпиадаларды өткізу және ұйымдастыру	Қазан	Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері
31.	Оперативтік жиналыс	Қажет.	Әкімшілік
32.	Мұғалімдердің квалификациясын жоғарылату курсына қатысуын қадағалау, алған сабақтары бойынша есеп беру	Жыл бойы	Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері
33.	Жас мамандармен жұмыс жүргізу	Жыл бойы	ӘБ жетекшілері
34.	Кәсіби қиындықтарды жою туралы семинар	Қажет.	Әкімшілік
35.	Байқауға қатысатын мұғалімдерге көмек көрсету, қалалық "Жыл мұғалімі" байқауын ескерту	Қараша	Рысбекова М.У Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері
36.	Пәндер бойынша сыныптан тыс іс-шараларға қатысу	Жыл бойы	Әкімшілік
37.	ӘБ семинарларына қатысу	Желтоқсан	Арынова Л.Т.
38.	ӘБ отырысы, II тоқсан бойынша атқарылған жұмысқа есеп беру	5.01.23 ж.	Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері
39.	БЖБ, ТЖБ бақылау жұмысының қорытындыларын өткізу, қорытындылары	4.01.23 ж.	Рысбекова М.У ӘБ жетекшілері
40.	Қалалық олимпиадаларының өткізілуін бақылау және ұйымдастыру	Қаңтар	Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері

41.	Элективті сабақтардың орындалу мәселесін бақылау	Желтоқсан	Арынова Л.Т.
42.	Мектеп құжаттарымен жұмыс	Жыл бойы	Әкімшілік
43.	Пән бойынша ӘБ жұмысын бақылау	Жыл бойы	Арынова Л.Т.
44.	Мұғалімдерді аттестациялау бойынша аттестациялық комиссия жұмысына қатысу	Жоспарға сай	Арынова Л.Т.
45.	Ақпараттық - аналитикалық құжаттарды рәсімдеу	Қажет.	Әкімшілік
46.	Мектеп директорына әдістемелік апталықтарды өткізу жоспарын бекіту	Қыркүйек	Рысбекова М.У Арынова Л.Т.
47.	Әдістемелік кеңестің отырысы	Жоспарға сай	Рысбекова М.У ӘБ жетекшілері
48.	ӘБ бойынша орынбасарларының қалалық жиналыстарға қатысуы	Қажет.	Рысбекова М.У. ӘБ жетекшілері
49.	Пән бойынша іс-шараларға және тәжірибе алмасу мақсаттарында сабақтарға қатысуды ұйымдастыру	Жыл бойы	Рысбекова М.У.
50.	Жаңа технологиялармен танысу және квалификацияларын жоғарылату мақсатында іс-шараларға ӘБ басқармасының қатысуын қадағалау	Жыл бойы	Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері
51.	Мектеп құжаттарымен жұмыс(жұмыс дәптерлерін тексеру, нәтижелері, ұсыныстар)	Қажет.	Әкімшілік
52.	"Жыл мұғалімі" қалалық байқау айналымдарына қатысатын мұғалімдерге көмек көрсету	Қажет.	Рысбекова М.У Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері
53.	Қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстарын бақылау: ӘБ емтихан материалдарын бекіту	Сәуір	Рысбекова М.У.
54.	Дарынды балалармен жұмыс	Жыл бойы	Пән мұғалімдері
55.	Емтиханға дайындық жұмысын бақылау	Сәуір Маусым	Рысбекова М.У
56.	Жаңа технологиялармен танысу мен квалификацияларын жоғарылату мақсатында мұғалімдер мен ӘБ басқармаларымен қалалық іс-шараларға қатысуын қадағалау	Жыл бойы	Арынова Л.Т.
57.	Мұғалімдердің кәсіби қиындықтарын жоюы бойынша жұмыс. Жоспар корректісі ұсынысының қорытындысы	Сәуір	Рысбекова М.У ӘБ жетекшілері
58.	Мектеп байқаулары мен көрмелердің өткізілуін ұйымдастыру және бақылау	Жоспарға сай	Әкімшілік
59.	Жыл бойы БЖБ, ТЖБ бақылау жұмыстарының нәтижелерін қорытындылау	Сәуір	Рысбекова М.У ӘБ жетекшілері
60.	Кезекті оқу жылындағы пән мұғалімдерінің жұмыстарының нәтижесін қорытындылау (мониторинг)	Сәуір	Рысбекова М.У ӘБ жетекшілері
61.	Бітіруші сыныптардың сабақтарына қатысу	Жыл бойы	Рысбекова М.У
62.	ӘБ отырысына қатысу. Оқу жоспарының орындалуы жыл бойғы жұмысты талдау. Жаңа оқу жылының міндеттері жұмысын жоспарлау	Сәуір	Рысбекова М.У ӘБ жетекшілері
63.	ӘБ аттестация қорытындысын өткізу	Наурыз	Арынова Л.Т.
64.	Мектептің кезекті оқу жылындағы әдістемелік жұмысының жұмыс жоспарын құру	Маусым	Рысбекова М.У ӘБ жетекшілері
65.	ӘБ басшыларынан квалификацияларын жоғарылату курсының алдын-ала жасалған тізімдер жинағын қабылдау	Маусым	Арынова Л.Т.
66.	Емтиханға дайындық барысында мұғалімдердің консультация өткізу сапасын бақылау	Маусым	Рысбекова М.У

67.	Әдістеме бірлестіктерінің жылдық жоспарын жазып, мәжілістерде әдістемелік актуальды мәселе талқылай отырып озат тәжірибені тарату	Қыркүйек	Арынова Л.Т.
68.	Өзара тәжірибе алмасу мақсатында 1-4 сынып мұғалімдері мен пән мұғалімдерінің бір-біріне сабаққа қатынасуын жетілдіру	Жыл бойы	Рысбекова М.У
69.	Әдістемелік бірлестіктерді оқулықтар мен методикалық әдебиеттермен, жинақтармен оқу бағдарламаларымен және мұғалімдердің баяндамаларымен т.б. толықтырып отыру	Жыл бойы	Рысбекова М.У ӘБ жетекшілері
70.	Тәжірибесі мол мұғалімдердің көмегімен қалалық педагогикалық оқуларға дайындалу және белсене қатысу	Жыл бойы	Арынова Л.Т.
71.	Жас мұғалімдерге теориялық және методикалық жәрдем көрсету мақсатымен озық педагогикалық тәжірибе мектебін ұйымдастыру	Жыл бойы	Рысбекова М.У ӘБ жетекшілері
72.	Перспективалық жоспарға сәйкес мұғалімдердің курстан өтуін қамтамасыз етумен қатар олардың курсқа дейінгі және курстан кейінгі тапсырмаларды орындауын қатаң бақылау	Жыл бойы	Арынова Л.Т.

Пәндік онкүндіктердің кестесі

№	Онкүндіктер	Мерзімі
1	Ағылшын тілі	Қыркүйек
1	Орыс тілі мен әдебиеті	қазан
2	Физика, химия, биология	қараша
3	Тарих және география	желтоқсан
4	Көркем еңбек, ән және дене шынықтыру	қаңтар
5	Математика, информатика	ақпан
6	Қазақ тілі мен әдебиеті	наурыз
7	Жас мамандар	сәуір
8	Бастауыш сыныптар	мамыр

Стажерлар және жас мамандармен жүргізілетін жұмыс жоспары

№	іс-шаралар	Мерзімі	Жауапкер тұлға
1.	Әр стажер және жас маманға тәлімгер ұстаз тағайындау	5.09 ға дейін	Дир.орынб., ӘБ жетекшілері
2.	Тәлімгер ұстаздар мен стажерлар, жас мамандардың атқаратын жұмыстарының біркелкі жоспарын түзу	5.09 ға дейін	ӘБ жетекшілері

3.	Оқу-тәрбие жұмыстары бойынша консультациялар өткізу: - күнтізбелік және күнделікті сабақ жоспарын түзу бойынша; - сабақта қалай жүзеге асырылады; - сабақ жоспарына дидактикалық талаптар; - оқушылар ерекшеліктерін үйренудің бағдарламасы; - сабаққа дифференциалдық жанау қалай жүзеге асырылады; - үйге тапсырма түрлері, анық мөлшері және т.б.	Қажеттілігінше	Әкімшілік ӘБ жетекшілері
4.	Сынып жетекшісінің құжаттары (сұхбат)	10.09 ға дейін	Габсаттарова А.С.
5.	Тәрбие жоспарларын түзу бойынша семинар-консультация	10.09 ға дейін	Ахмеджанов Р.Р.
6.	Стажёрлармен сұхбат және консультация: - ата-аналар жиналысын қалай дайындау керек? - мақсатты сабақтарды дайындау	Қарашаға дейін	Габсаттарова А.С.
7.	Жас маман жетістігі апталығы: а) ашық сабақтар б) стажёрлық сабақтар в) ашық тәрбие сабақтары г) дөңгелек үстел: «Жас әріптесіңнен нені үйрендің?»	Наурыз, сәуір	Рысбекова М.У. Арынова Л.Т
8.	Пед.ұжымды стажёрдың сипаттамасымен таныстыру	Мамыр	Әкімшілік, тәлімгер
9.	Жеке консультациялар	Жыл бойы	Әкімшілік ӘБ жетекшілері
10.	Мұғалім еңбегінің диагностикасы. Мұғалімнің сабақтағы еңбегін бағалау критерийлері. Сабақта өзіндік талдау	Ақпан	Әкімшілік ӘБ жетекшілері
11.	Оқушылар білімін бағалау (есептеу): теория, психология, практика. Тестілеу - оқушылар білімін бағалаудың объективтік тәсілі ретінде	Наурыз	Әкімшілік ӘБ жетекшілері
12.	Жеке бақылау. Сабаққа қатысу, сабақтан тыс іс-шаралар. Өзіндік талдау. Талдау.	Жыл бойы	Әкімшілік ӘБ жетекшілері

Аттестациялау комиссиясының жұмыс жоспары

№	іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Аттестацияға қатысушының арызын қабылдау және оны тіркеу	01.08-15.08, 20.12-05.01.	АК хатшысы
2	Ұлттық біліктілік тестілеуге өтініштерді қабылдау	10.08-06.09, 10.03-16.04.	АК хатшысы
2	Осы оқу жылындағы аттестациялауға қатысатын мұғалімдердің тізімін жасау	Тамыз, қаңтар	АК төрайымының орынбасары
3	Аттестацияның өтілу уақытының кестесін жасау	Тамыз, қаңтар	АК төрайымының орынбасары
4	Сараптаушы топ құрудың мақсаты жөнінде аттестациялық комиссиясының мүшелерімен сұхбаттасу	Қыркүйек	АК Төрайымы
5	Аттестациялауға қатысатын мұғалімдерге байланысты топ	Қыркүйек	АК Төрайымының

	кұрып оларды тізімге алу		орынбасары
6	Мұғалімдерді аттестациялау стендін жасау	Қыркүйек	АК хатшысы
7	Аттестациялау комиссиясының мүшелерімен мұғалімдерді, аттестацияға арналған нормативті құжаттар тақырыбында нұсқау беретін семинар өткізу	Қыркүйек	АК төрайымының орынбасары
8	Аттестациялаудың түрі мен өтілу барысы жөнінде АК төрайымының орынбасарының кеңесі	Қыркүйек	АК төрайымының орынбасары
9	Мұғалімдерді аттестациялау жұмыстарына сараптама, аттестациялау түрі мен өтілу барысы деген тақырыпта сарапшылар тобымен өзекті семинар өткізу	Қыркүйек	АК төрайымының орынбасары
10	"Сараптама жұмысындағы педагогикалық - психологиялық негіз" деген тақырыпта нұсқаулы әдістемелік сабақ өткізу	Қыркүйек	АК төрайымының орынбасары
11	Сараптама жұмысының жүргізілу мақсаты жөнінде сарапшылар тобымен кеңес өткізу	Аттестациялау кезеңі бойында	АК төрайымы
12	Сарапшылар тобының мүшелерімен өткізілетін семинар - тәжірибе. Сараптама жұмысын жүйеге келтіруді талдау. Сараптама жұмысының қорытындысын жасау	Қазан	АК төрайымының орынбасары
13	Сарапшылар тобының мүшелерімен жүргізілетін семинар - тәжірибе. Шығармашылық жұмысына сараптама. Бақылауға арналған жобаны жетілдіру және әдістемеге сараптама. Аттестацияға қатысушы мен сарапшылардың кеңесін өткізуді ұйымдастыру	Қазан	АК төрайымының орынбасары
14	Әрбір жеке қызметкерге арызында көрсетілген өтініші бойынша аттестациялау бағдарламасын бекіту	Кесте бойынша	АК төрайымы
15	Аттестацияға қатысатын мұғалімдердің шеберлігін анықтау сараптамасының қорытындысы (жеке басына талдау, оқушылардан алынған бақылау қорытындысы, білім сапасы, оқушылардың сабаққа қатысуы және т.б.)	Кесте бойынша	Сарапшылар тобы
16	Сарапшылар тобының аттестациялау жұмысын бақылап отыру	Сараптама жұмысы басталарда	АК мүшелері
17	Мектепте мұғалімдерді аттестациялау кезінде сарапшылар тобының толық жұмыс істеуіне жағдай жасау	Сараптама жұмысы басталарда	АК төрайымы
18	Аттестациялау кезінде келіспеушілік жағдай туындаса, онда оны қайта қарау жұмысын ұйымдастыру	Жыл бойында	АК төрайымы
19	Сараптама жұмысының өтілу барысы мен қорытындысы туралы сарапшылар тобының мәжілісі	Жыл бойында	АК төрайымы
20	Аттестацияға қатысушы мұғалімнің жұмысына жұмысын жүйелеу және қорытындылау. Сараптама жұмысының қорытындысы бойынша құжаттарды дайындау.	Жыл бойында	Сарапшылар тобының мүшелері
21	Сарапшылардың мұғалімінің арызы көрсетілген санатқа сәйкес келетіні (немесе сәйкес келмеді) жөніндегі қорытындысы	Жыл бойында	Сарапшылар тобының мүшелері
22	Аттестацияға қатысушы мұғалімнің сарапшылар қорытындысымен танысуы	Жыл бойында	Сарапшылар тобының мүшелері
23	Аттестациялау комиссиясының қорытынды мәжілісі, сұраныс берген санатқа сәйкес (немесе сәйкес келмейді) деген қорытынды шешім қабылдау	Жыл бойында	АК төрайымы
24	Мұғалімдердің арызына байланысты оның шеберлігін бағалауға арналған тестілерді, анкеталарды, сұхбаттасуға арналған сұрақтарды өңдеп, түзету	Сәуір Тамыз	Сарапшылар тобының мүшелері

25	Аттестацияға қатысатын мұғалімнің пәні бойынша оқушыларға арналған тест жұмыстарын алу	Сәуір Тамыз	Сарапшылар тобының мүшелері
26	Жыл бойында жүргізілген аттестациялау комиссиясының қорытынды есебі. Мектептегі педагогикалық кеңесте қарау	Мамыр	АҚ төрайымы

Озат тәжірибелі мұғалімдердің мектепте жүргізетін жұмыс жоспары

К/с	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Мұғалімнің кәсібі бойынша ғылыми, әдістемелік жалпы дайындығымен танысу.	қыркүйек	Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері
2	Оқытудың интерактивті әдістерін ендіру бойынша теориялық зерттеулерді бекіту.	қыркүйек	Оқу-тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары
3	Сыныптан тыс іс-шаралар мен сабаққа дайындалу жұмысын зерттеу.	Жыл көлемінде	Ахмеджанов Р.Р. ӘБ жетекшілері
4	Сабақтарға, үйірме жұмыстарына, сыныптан тыс іс-шараларға қатысу	Жыл көлемінде	Арынова Л.Т. Ахметжанов Р.Р. ӘБ жетекшілері
5	Аттестацияланатын мұғалімдердің өз үстінен жұмыстарын бақылау.	Жыл көлемінде	Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері
6	Өз тәжірибесінде интерактивті әдісті енгізіп жүрген мұғалімдердің шығармашылық зерттемелерін мұғалімдер ұжымына көрсету.	Жыл көлемінде	Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері
7	Орта буында жекелей-бағыттап оқыту жұмысын жолға қою.	Қараша	Оқу-тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары
8	Жас мамандар үшін теориялық маслихат өткізу.	Қазан	Оқу-тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары
9	Жас мамандар және олардың тәлімгерлерінің шығармашылық апталығын өткізу.	Ақпан	Оқу-тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары ӘБ жетекшілері
10	Инновациялық ойлар мен вариациялық технологиялар банкін құру.	Жыл көлемінде	Оқу-тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары ӘБ жетекшілері
11	Жаңа педагогикалық әдебиеттерді талқылау, әдістемелік жиындар өткізу.	Жыл көлемінде	Оқу-тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары ӘБ жетекшілері
12	Төменгі даму деңгейіндегі оқушылармен жұмыс жүргізу.	Жыл көлемінде	Рысбекова М.У. Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері
13	Сынақ мерзімінен өтуші мұғалімдер үшін топтық консультациялар өткізу.	Қазан	Рысбекова М.У. Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша атқарылатын іс-шаралар жоспары

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Қазақстан Білім және ғылым министрлігінің нұсқауымен барлық мектептің қызметкерлерін таныстыру	Тамыз	Арынова Л.Т.
2.	Еңбекті қорғау, санитарлық нормативтер мен ережелер, стандарттық және басқа нормативтік құжаттар негізінде	Тамыз	Әкімшілік Габсаттарова А. С

	мектеп ғимараттарын, жұмыс орындарын жаңа 2021-2022 оқу жылына дайындауға басшылық жасау		
3.	Техника, еңбек қауіпсіздігі денсаулық пен өмір сүрудің кепілі-баяндама	Тамыз	Ахметжанов Р.Р. Арнайы комиссия
4.	Еңбекті қорғау, техника, өрт қауіпсіздігіне сәйкес химия, физика, биология, лингафон, информатика кабинеттері, шеберханалар, спорт зал, дене шынықтыру алаңы т.б. жаңа оқу жылына даярлығын тексеру және қортынды жасау.	Тамыз	Рысбекова М.У.
5.	Барлық мұғалімдер мен кіші қызметкерлердің медициналық байқаудан өтуі.	Тамыз	Комиссия
6.	Жаңадан қабылданған мұғалімдер мен кіші қызметкерлерін еңбек, техника, өрт т.б. қауіпсіздіктерін міндеттеу мақсатында алғашқы нұсқау беру, жұмыс орында нұсқау беру	Тамыз	ӘБ жетекшілері
7.	Оқушылардың, мұғалімдердің, кіші қызметкерлердің, әкімшілік мүшелерінің жауапкершілігін арттыру мақсатында бұйрық жобасын дайындау	Тамыз	Ахметжанов Р.Р
8.	ТҚ-ға байланысты атқарылған жұмыстарға есеп беріп отыру	Жыл бойы	Рысбекова М.У.
9.	Еңбек заңымен таныстыру "Еңбек қауіпсіздігі бағытында"	Тамыз	Рысбекова М.У. Исламханова С.
10.	Сынып, үйірме, факультатив журналдары бойынша техника, еңбек, көше қозғалысы және тасымалдау жоспарларының өтуін тексеру	Өр тоқсанда 1 рет	Габсаттарова А.С. Ахметжанов Р.Р. Арынова Л.Т.
11.	Әр кабинет, шеберханалар, спорт залда ТҚ-ға, көше қозғалысына байланысты бастауыш сыныптарда бұрыш ұйымдастыру"	Тамыз	Кабинет меңгерушілері
12.	Мұғалімдер бөлмесіне ТҚ-ға сәйкес стенд ұйымдастыру	Тамыз	
13.	Педагогикалық кеңесте қаралатын мәселелер: А. "Жылу жүйелерінің қысқа дайындығы" (баяндама). Б. "Оқу өндірістік шеберханалар оқушылардың еңбегінің қауіпсіздігін қамтамасыз ете ала ма?" (баяндама.) В. "Есептеу техникасы "АКТ" аппаратураларының жұмыс істеуі, кабілеттілігі" (баяндама)	Жыл бойы	Әкімшілік
15.	Химия, физика, еңбек сабақтарының берілуін, ТҚ ережелерін қадағалау		Әкімшілік
16.	Оқыс оқиға актісінің қойылған мерзімін растау, өндіріспен немесе оқу барысымен байланысты оқыс оқиға тудыратын себептерді шеттетуге шара қолдану		Әкімшілік

IV БӨЛІМ
Білім беруді
бағытталған педагогикалық
ұжымның қызметі

№	Негізгі бағыты	Мерзімі	Жауаптылар
I. Бастауыш, орта мектеп негізгі сыныптардың сабақтастығы бойынша жұмыс			
1	Бастауыш, орта және негізгі сыныптардың сабақтастығы бойынша жұмыс	Қыркүйек, қазан	Әкімшілік
2	Мектептегі жоғары, орта және бастауыш сынып мұғалімдерінің бір-бірінің сабақтарына қатысуын ұйымдастыру.	Үнемі	Рысбекова М.У Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері

3	4,9,11- сынып оқушыларына психологиялық көмек ұйымдастыру.	Жыл бойы	Мектеп психологтері
4	Мектептегі жоғары, орта және бастауыш сынып мұғалімдерін тестілеуден өткізу.	әр тоқсанда 1 рет	Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері
II. Бағдарламалық қосымша білімді дамыту жұмысы			
1	ӘБ отырысында пәндер бойынша мемлекеттік стандартты оқыту.	Қыркүйек,қазан	ӘБ жетекшілері
2	Білім беру стандарттың нормативтік құқықтық базасын және әдебиетті оқытуды жалғастыру.	Жыл бойы	Әкімшілік ӘБ жетекшілері
3	Пән үйірмелері мен факультатив сабақтарын ұйымдастыру.	Қыркүйек	Рысбекова М.У. Арынова Л.Т.
4	Оқытудағы жаңа технологиялармен таныстыру, лекциялық курстарын өткізу.	әр тоқсанда 1 рет	Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері
5	Оқушылардың қосымша сабаққа қатысуын зерттеу.	Қыркүйек,қазан	Рысбекова М.У.
III. Дарынды балалармен жұмыс			
1	Дарындылықты айқындау жұмысы	I-II тоқсан	Мектеп психологы
2	Мектепшілік пән олимпиадасын өткізу	Қазан,қараша	Арынова Л.Т.
3	Ғылыми жобалар байқауына қатысу	Қараша	Арынова Л.Т.
4	Қалалық пән олимпиадасына қатысу	ҚББ-ның жоспары бойынша	Арынова Л.Т.
5	Республикалық, облыстық, қалалық түрлі пән байқауларына «Кенгуру», «Кенгуру-лингвист», «Ақбота», «XXI ғасыр көшбасшысы» және т.б байқауларға қатысу.	ҚББ-ның жоспары бойынша	Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері Сынып жетекшілері
6	Пән апталықтарын өткізу	Кесте	ӘБ жетекшілері
7	Мектептегі ғылыми қоғамның жұмысын жүргізу.	Жыл бойы	Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері
IV Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысын дамыту			
	Мектепте өзін-өзі басқару күнін өткізу	Наурыз	
	«Мен және қоғам» диспут	Желтоқсан	
	«Мен нашақорлыққа қарсымын» дөңгелек үстел	Сәуір	Мектеп психологы
	Діни экстремизм	Мамыр	Танирбергенов А.
V. Сыныптан – сыныпқа көшіру емтихандарға дайындық			
1	Барлық пәндер бойынша қайталауды ұйымдастыру әдісі.	Наурыз Сәуір Мамыр	Рысбекова М.У. Пән мұғалімдері
2	Консультация және қосымша сабақтар кестесін құрастыру.	Наурыз,сәуір	Рысбекова М.У. ӘБ жетекшілері
VI. Оқушылармен дене шынықтыру барысында жұмыс			
1	Спорт үйірмелер мен секцияларды ұйымдастыру.	Тамыз,қыркүйек	Аштарханов Д.Қ
2	Денсаулық апталығын өткізу.	Қазан 2021 Сәуір 2022	Аштарханов Д.Қ
3	Барлық спорт түрлерінен жарыстарға және оқушылар спартакиадасына қатысуды ұйымдастыру.	Кесте бойынша	Аштарханов Д.Қ Тренерлер, пән мұғалімдері
VII. Ақпараттық-коммуникативтік технологиясы			
1.	Интернет желісімен жұмыс.	Жыл бойы	Пән мұғалімдері
2.	Компьютер кабинетінде қосымша сабақтарды өткізу.	Кесте бойынша	Пән мұғалімдері
3.	Электрондық оқулықтарды сабақтарда кеңінен пайдалану.	Жыл бойы	Пән мұғалімдері

4.	Мектеп мұғалімдері арасында компьютерлік сауаттылықты көтеру.	Жыл бойы	Пән мұғалімдері
5	Интерактивті тақтаны пайдаланып сабақты өткізу.	Жыл бойы	Пән мұғалімдері
6	ҚР Білім және ғылым министрлігінің жаңалықтары мен бұйрық нұсқауларымен танысу.	Жыл бойы	Рысбекова М.У.
7	Барлық пәндер бойынша мұғалімдер үшін мәліметтер іздеу. (интернет)	Жыл бойы	ӘБ жетекшілері
8	ҰБТ орталығының жаңалықтары мен тест тапсырмаларын жаңарту мақсатында жұмыстар ұйымдастыру	Жыл бойы	Рысбекова М.У.

Оқу – тәрбие үрдісін ұйымдастыру

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты адамлар
Тамыз			
1.	Пән кабинеттері мен сынып бөлмелерінің, спортзалдың жаңа оқу жылына әзірленген анықтау мақсатындағы байқау – конкурс	26-28.08	Мектеп директоры Рысбекова М.У Кабинет меңгерушілері
2.	ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшіліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатына сәйкес 2022-2023 оқу жылына арналған күнтізбелік жоспарларды жасау, пән бірлестіктерінде талқылау, бекіту.	28-31.08	Рысбекова М.У.
3.	Әр пән бойынша оперативті және перспективалық хабарлар алу үшін тамыздағы пәндік секцияларға мұғалімдерді жіберу.	20-31.08	Мектеп директоры Абилдаева Б.Т.
4.	Сынып жетекшілерімен бірге үйден оқылатын оқушыларды анықтау.	01-05.09	Рысбекова М.У.
5.	Барлық пәндер бойынша оқу бағдарламаларының толық орындалуын қамтамасыз ету	25-31.08	Мектеп директоры Абилдаева Б.Т.
Қыркүйек			
1.	Элективті курстарды, үйірмелердің санын анықтау	02-05.09	Арынова Л.Т.
2.	Жас мұғалімдердің диагностикасын жүргізу, көмек қажет ететін тұстарын анықтау	10-15.09	Әкімшілік
3.	Мұғалімдердің сабағына қатысып, талдау жасап отыру	Ай ішінде	Рысбекова М.У.
4.	Пән бірлестіктерінің жұмысын үйлестіру Зертханалық, сарамандық бақылау жұмыстарының кестесін алу, соған сай жұмыс жүргізу	02-03.09 15.09 дейін	
Қазан			
1.	Мұғалімдердің өзара сабақтастығын ұйымдастыру	Ай ішінде	Рысбекова М.У. Пән мұғалімдері Бірлестік жетекшілері
2.	Шығармашылық топтың жұмысын жүргізу	Ай ішінде	
3.	«Жас мұғалімдер» отауының жұмысын ұйымдастыру	Ай ішінде	

4.	Әр тоқсанның қорытындысы бойынша білім стандарты талаптарының орындалу қорытындысын шығару.	Ай ішінде	
5.	Кеткен олқылықтарды жою шараларын белгілеу	Ай ішінде	
Қараша			
1.	Пәндік апталықтарды өткізу	07-12.11	Рысбекова М.У. Арынова Л.Т. ӘБ жетекшілері
2.	Үлгілі сабақтардың кестесін жасау және олардың өз мерзімінде өтуін қамтамасыз ету	14-16.11	
3.	Мұғалімдердің инновациялық әдіс – тәсілдермен жұмыс істеу деңгейін анықтау (озық тәжірибе жинақтау мақсатында)	14-30.11	
Желтоқсан			
1	Дарынды оқушылармен жүргізілген жұмыстарды қорытындылау	26-30.12	Рысбекова М.У. Арынова Л.Т.
2	Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыстардың барысын анықтау	19-24.12	
Қаңтар			
1	I жарты жылдықтың қорытындысы және II жарты жылдықтағы міндеттер	04-07.01	Мектеп директоры Абилдаева Б.Т.
Онкүндіктер			
1	Ағылшын тілі	Қыркүйек	Бірлестік жетекшілері Ахметжанов Р.Р. Рысбекова М.У. Арынова Л.Т.
2	Орыс тілі мен әдебиеті	қазан	
3	Физика, химия, биология	қараша	
4	Тарих және география	желтоқсан	
5	Көркем еңбек, ән және дене шынықтыру	қаңтар	
6	Математика, информатика	ақпан	
7	Қазақ тілі мен әдебиеті	наурыз	
8	Жас мамандар	сәуір	
9	Бастауыш сыныптар	мамыр	
Жарыстар			
1	«Жылдың ең үздік сынып жетекшісі» байқауы	07.12	Бірлестік жетекшілері Рысбекова М.У. Арынова Л.Т.
2	«Жыл оқушысы»	20.01	
3	«Білікті жас ұстаз»	16.02	
4	«Жыл мұғалімі»	12.05	
Көрмелер			
1	Жас суретшілер көрмесі	19-24.09	Ахметжанов Р.Р. Рысбекова М.У. Пән мұғалімдері
2	Саяси платкаттар көрмесі	17-22.10	
3	Көрнекті құралдар көрмесі	24-29.10	
4	«Шебер қолдар көрмесі»	21-26.11	

Мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім стандартын орындау

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты мамандар
1 – Мемлекеттік білім стандартының талаптарын орындау Оқытуды ұйымдастыру			
1	2022-2023 оқу жылында жалпы білім беретін мектептерде ғылым негіздерін оқытуды ұйымдастыру туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нұсқау хатына сәйкес оқу жылына оқу жоспары мен тақырыптық жоспарлар ұйымдастыру	20-31.08	Әкімшілік

2	Барлық пәндерден жеке пәндер бойынша оқу бағдарламасының толық орындалуын қамтамасыз ету	02.09-25.05	Рысбекова М.У.
3	Оқушылар білімінің білім стандартына сай болуын; жұмыстардың – нормасының толық орындалуын жүзеге асыру	Кестеге сәйкес 02.09-25.05	Рысбекова М.У. Арынова Л.Т.
4	Жаңа педогогикалық технологияны пайдалануды іске асыру. Мұғалімдердің шығармашылығын қалыптастыруда әдістемелік оқулар ұйымдастыру	Токсанына 1 рет	
5	Мұғалімдердің компьютерді, техникалық құралдарды сабақта тиімді пайдалуын іске асыру	Айына 1 рет	Рысбекова М.У.
6	Дарынды және ерекше қабілетті оқушылармен, нашар оқитын оқушылармен арнайы жоспарлы жұмыстар ұйымдастыру	02.09	Рысбекова М.У. Арынова Л.Т.
7	Оқытудың сапасына мектепшілік бақылауды күшейту, әр мұғалімнің жұмысына диагностикалық талдаулар жасау	10.09	Рысбекова М.У. Арынова Л.Т.
8	Пән бірлестіктерінің жұмысын мектеп проблемасына сәйкес үйлестіріп құру жұмысын жоспарлауды ұйымдастыру	Ай сайын	Рысбекова М.У. Арынова Л.Т.
9	Ай сайын білім стандарты талаптарына сәйкес оқушылар білімін тексеріп, талдау жасап, оқулықтарды түзету шараларын жүргізу	Жыл бойы	Рысбекова М.У.
10	Жеке пәндерді оқыту ерекшеліктеріне сай оқыту үрдесін ұйымдастыруда негізгі көңіл бөлетін компоненттерді анықтау және мұғалімдерге жеткізу	Қыркүйек	Арынова Л.Т.

2 – Оқушылардың ғылыми қоғамы мен дарынды балалармен жұмыс

1	Оқушылардың ғылыми қоғамының жұмысын қорытындылап, оқу жылындағы істелетін жұмыстарды жоспарлау, Ғылыми қоғам жұмысының нәтижелігін арттыру	15.09 дейін	Арынова Л.Т. Пән мұғалімдері
2	Оқушылардың қабілеттеріне зерттеу жүргізе отырып, олардың қандай пәнге дарынды, не қабілетті екенін анықтау	Үнемі	Пән мұғалімдері
3	Дарынды балалармен жұмыс істеудің жоспарын жасап, дамыту жұмыстарын жүргізу	Қыркүйек	Сынып жетекшілері
4	Дарынды балалармен «Мектеп жеңімпазы» жарысын ұйымдастыру	Қазан	Сынып жетекшілері
5	Дарынды балаларды баспасөзде жарияланған сырттай конкурстарға, аудандық, облыстық жарыстар мен олимпиадаларға қатыстырып отыру	Токсанына бір рет	Сынып жетекшілері
6	Сабақта дарынды балаларды даралап оқытып, оза оқытуды жүзеге асыру	Кезінде	Рысбекова М.У.
2.19	«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ: 23 сәуір - дүниежүзілік кітаптар күні «Қазақ тіліндегі 100 жаңа кітап» тақырыбында дөңгелек	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТДЖО, кітапханшы Ұйымдастырушы педагог Қазақ тілі мен әдебиеті пән	Сәуір 3-апта

	үстел		бірлестігі	
2.20	«ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ» ЖОБАСЫ: «Бақытты балалық!» балалар күніне акция жариялау	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Ұйымдастыру педагог Аға тәлімгер Әлеуметтік педагог	Маусым
3.БАҒЫТЫ: ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ. <i>Мақсаты: тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, туған және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, этносына және Қазақстан Республикасындағы этникалық топтарға құрмет көрсету.</i>				
3.1	«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ТІЛ-РУХАНИЯТ ӨЗЕГІ...» іс-шарасы (Тіл мерекесіне орай)	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Қазақ тілі,орыс тілі және ағылшын пән бірлестіктері	Қыркүйек 1-апта
3.2	«ДӘСТҮР МЕН ҒҰРЫП» ЖОБАСЫ: Шымкент қаласының ұлттық-мәдени объектілеріне бару: мұражайлар, кітапханалар	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Кітапханашы	Жыл бойы
3.3	Ұлттық спорт үйірмелерінің жұмысын ұйымдастыру. «Тоғызқұмалақ», «Асық ату» және әр түрлі деңгейдегі ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстарға қатысу	Ақпарат	Дене тәрбиесі пән бірлестігі Үйірме жетекшілері	Жыл бойы
3.4	«Діни экстремизм – бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп» ақпараттық сағат	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Сынып жетекшілер «АНТ» тобы	Қыркүйек 4-апта
3.5	«ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМДАРЫ» ЖОБАСЫ: Медиа-орталықтың ұйымдастыруымен «Ұлттық бірегейлілік» ұлтжанды, іскер азаматтармен кездесу TEDx форматтағы конференция	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО, педагог-психолог Тарих-география пән бірлестігі Мектеп парламенті	Қазан 2-апта
3.6.	«ДӘСТҮР МЕН ҒҰРЫП» ЖОБАСЫ: «Бес нәрсеге асық бол» құндылықтар сағаты	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Сынып жетекшілер	Кесте бойынша
3.7	«ДӘСТҮР МЕН ҒҰРЫП» ЖОБАСЫ: 15 қараша – Ұлттық валюта күні «Теңге - мемлекет келбеті» экономикалық ақпараттық мәліметтер	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Математика пән бірлестігі	Қараша 3-апта
3.8.	«ДӘСТҮР МЕН ҒҰРЫП» ЖОБАСЫ: «Ұлы күні Ұлыстың,басы болсын ырыстың!» Наурыз мейрамы. Мерекенің тарихы мен дәстүрлері	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Пәндер бірлестігі Үйірме жетекшілері Ұйымдастырушы педагог	Наурыз 3-апта
3.9	«МУЗЕЙ САБАҚТАРЫ» – «МУЗЕЙ КҮНІ» ЖОБАСЫ:	Мәлімет,сараптама,	ДТІЖО	Мамыр

	«Туған өлке тарихы». Өлкенің мәдени-тарихи орындарына экскурсия жасау	әлеуметтік желіде жариялау	Тарих-география пән бірлестігі Сынып жетекшілері	2 -апта
3.10	«ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ КҮНІ» ЖОБАСЫ: 4 маусым - ҚР мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығына орай «Қазақ тарихындағы елдік нышандар» атты іс-шара	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО АӘД жетекшісі Ұйымдастыру педагог Аға тәлімгер Сынып жетекшілер Мектеп парламенті	Маусым 1 -апта
4.БАҒЫТЫ: ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ. <i>Мақсаты: ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялықпедагогикалық біліктілігін көтеру және балаларды тәрбиелеу бойынша жауапкершіліктерін арттыру.</i>				
4.1	«ОТБАСЫ – ОРТА МЕКТЕП» ЖОБАСЫ: «Ұлағат» ата-аналар университеті «Аналар» мектебі «Әкелер» мектебі «Қыздар» клубы «Ұлдар клубы» жұмыстары бойынша жоспар бекіту, жұмысын жандандыру.	Хаттама,әлеуметтік желіде жариялау жоспар	Мектеп әкімшілігі ДТІЖО Ата-аналар кеңесінің төрағасы	Қыркүйек 1-апта Жыл бойы
4.5	«ШАҢЫРАҚ» ЖОБАСЫ: «Отбасылық эрмитаж» 11 қыркүйек - Отбасы күніне арналған фото көрме	Көрме, әлеуметтік желіде жариялау	5-7 сынып жетекшілер	Қыркүйек 3-апта
4.6	«Менің отбасымдағы сүйіспеншілік шуағы» отбасылық құндылықтар челленджі	Бейнебаян, әлеуметтік желіде жариялау	8-11 сынып жетекшілер	
4.7	«МЕКТЕП ӨМІРІНІҢ БІР КҮНІ» ЖОБАСЫ: Ашық есік күні	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Ата-аналар кең.төрағасы Мектеп парламенті	Қараша Ақпан
4.8	«ӨНЕГЕЛІ БІР САҒАТ» ЖОБАСЫ: «Еліне елеулі жандар» ата-аналардың жұмыс орнынан репортаж сайысы	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Сынып жетекшілер	Желтоқсан 3-апта
4.9	«ӨНЕГЕЛІ БІР САҒАТ» ЖОБАСЫ: «Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» /әкелер мектебі/	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Ата-аналар кең.төрағасы Мектеп парламенті	Қаңтар 4-апта
4.10	«ОТБАСЫ – ОРТА МЕКТЕП» ЖОБАСЫ: «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» науқаны шаралары	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Педагог-психолог Әлеуметтік педагог	Ақпан 1-2 апта
4.11	«ОТБАСЫ - МЕКТЕП» ЖОБАСЫ: 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні	Мәлімет,сараптама,	ДТІЖО, Аға тәлімгер Ұйымдастыру педагог	Мамыр 2 апта

	«Отбасыммен өткізген қуанышты сәттер» бейнетүсірілім байқауы	әлеуметтік желіде жариялау	Ата-аналар кеңесі Сынып жетекшілер	
4.12	15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне орай Жалпы ата-аналардың қорытынды жиналысы	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	Мектеп әкімшілігі ДТІЖО	Мамыр 2 апта
4.13	«МЕКТЕПТЕГІ БІР КҮН» ЖОБАСЫ: «Қамқоршылық» кеңесімен кездесу	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	Мектеп әкімшілігі	Маусым 1 апта
5.БАҒЫТЫ: ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ. <i>Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға, адамның экономикалық ой-өрісін және экологиялық мәдениетін дамытуға деген саналы қатынасты қалыптастыру.</i>				
5.1	«ҮНЕМ – ҚОҒАМ ҚҰАТЫ» ЖОБАСЫ : «Экосенбілік» науқаны (айналаны абаттандыру шаралары)	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Қосымша білім беру педагогы Өзін-өзі басқару ұйымы Химия және биология пән бірлестігі	Қыркүйек 4-апта
5.2	«ЕҢБЕК – ЕЛДІҢ МҰРАТЫ» ЖОБАСЫ: «Профи TIME» мамандықтар әлемінде. (белгілі болгерлермен кездесу, зуум)	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Кәсіптік бағдар беруші Физика-информатика пән бірлестігі	Қазан 3-апта
5.3	«ЕҢБЕК – ЕЛДІҢ МҰРАТЫ» ЖОБАСЫ: Қалалық «Мен кәсіптер әлемінде» әдеби байқауы (эссе)	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Эстетика пән бірлестігі	Қараша 2-апта
5.4	«ЕҢБЕК – ЕЛДІҢ МҰРАТЫ» ЖОБАСЫ: «Еңбек нарығына бағыттау мәселесі» атты өңіріміздегі қажетті мамандыққа баулу шаралары	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Эстетика пән бірлестігі	Қараша 3-апта
5.5.	«Менің болашақ мамандығым» Stand up-форматы	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	Кәсіптік бағдар беруші педагогы Орыс тілі пән бірлестігі 9-11 сынып жетекшілері	Қаңтар 3-апта
5.6	«Кәсіби таңдауым- өмірлік қалауым» жоғарғы, арнаулы кәсіптік білім оқу орындарының мамандарымен кездесу	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Кәсіптік бағдар беруші педагогы Эстетика пән бірлестігі	Ақпан 3-апта
5.7	«ЕРТЕ ЖАСТАН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ» ЖОБАСЫ:	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде	ДТІЖО Қосымша білім беру педагогы	Наурыз

	«Тұрмыстық қалдықтардың екінші өмірі» атты мектепшілік виртуалды көпөнер байқауын ұйымдастыру	жариялау	Өзін-өзі басқару ұйымы Химия-биология пән бірлестігі Сынып жетекшілер	3-апта
5.8	«Менің гүлзарым» мектеп алдын көгалдандыру акциясы	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	Химия-биология пән бірлестігі Экология үйірме жетекшісі Сынып жетекшілер	Сәуір 2 -апта
5.9	«ҮНЕМ - ҚОҒАМ ҚҰАТЫ» ЖОБАСЫ: «Тұрмыстық қалдықтарды өңдейік » эко сайысы	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Экология үйірме жетекшілері	Сәуір 4- апта
5.10	«ҮНЕМ - ҚОҒАМ ҚҰАТЫ» ЖОБАСЫ: «Көңілді шеберлер» қалалық акция, шеберлік сағаттар, онлайн көрме	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Эстетика пән бірлестігі Сынып жетекшілер	Мамыр 2 -апта
5.1	«ЕҢБЕК – ЕЛДІҢ МҰРАТЫ» ЖОБАСЫ: «Жазғы тоқсан» мектепті жасылдандыру үшін «Жасыл жасак» топтарының жұмысы	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Химия-биология пән бірлестігі Сынып жетекшілері	Маусым
6.БАҒЫТЫ: КӨПМӘДЕНИЕТТІ ЖӘНЕ КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ. Мақсаты: жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның тәрбиеге дайындығын дамыту, меңгеру, өнердегі эстетикалық нысандардың бағасы, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті ортаны құру.				
6.1	«Хобби әлемі» қосымша білім беру ұйымдары ұсынатын топтармен, клубтармен, студиялармен, үйірмелермен танысу	Ақпарат	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог	Қыркүйек 1-апта
6.2	«ТЕАТР САБАҚТАРЫ» ЖОБАСЫ: Мектептегі көп мәдениетті тәрбие, басқа мәдениеттердің, ұлттардың, діни сенім және т. б. өкілдеріне толерантты көзқарасты қалыптастыру бағытында Қазақстан халқы Ассамблеясымен және этномәдени орталықтармен ынтымақтастық жобасын қалыптастыру	Жоспар	Мектеп әкімшілігі ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог	Жыл бойы
6.3	Қалалық «Театр – ғажайып әлемі» байқауына қатысу	Мәлімет,сараптама, хаттама,әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі	Қыркүйек,4-апта
6.4	«АЛТЫН КҮЗ -2022» байқауы	Мәлімет,сараптама, хаттама,әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Эстетика пән бірлестігі Үйірме жетекшілері Ұйымдастырушы педагог	Қазан 2-апта

6.5	«ТЕАТР САБАҚТАРЫ» ЖОБАСЫ: Танымал адамдармен, өнер қайраткерлерімен кездесулер ұйымдастыру	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТДЖО Эстетика пән бірлестігі Үйірме жетекшілері Ұйымдастырушы педагог	Қараша 4-апта
6.6	«ТЕАТР ЖӘНЕ БАЛАЛАР» ЖОБАСЫ: «Ертегілер әлемі» сахналық қойылымдар сайысы	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	Ұйымдастырушы педагог Аға тәлімгер 1-4 сынып жетекшілері	Желтоқсан 5-апта
6.7	«ӨНЕГЕЛІ БІР САҒАТ» ЖОБАСЫ: Танымал адамдармен, өнер қайраткерлерімен кездесу	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТДЖО Үйірме жетекшілері Ұйымдастырушы педагог	Қаңтар айы ішінде
6.8	«ӨНЕГЕЛІ БІР САҒАТ» ЖОБАСЫ: «Ән әлемінің саңлағы» (Роза Бағланованың 100 жылдығы) әндер байқауы	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТДЖО Эстетика пән бірлестігі Үйірме жетекшілері Ұйымдастырушы педагог	Ақпан 3-апта
6.9	«ДӘСТҮР МЕН ҒҰРЫП» ЖОБАСЫ: «Қыздар, көктем гүлі» сайысы	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТДЖО Эстетика пән бірлестігі Үйірме жетекшілері Ұйымдастырушы педагог	Наурыз 1-апта
6.10	«ӨНЕГЕЛІ БІР САҒАТ» ЖОБАСЫ: «Екі жұлдыз» отбасылық ән байқауы	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТДЖО Эстетика пән бірлестігі Үйірме жетекшілері Ұйымдастырушы педагог	Наурыз 2-апта
6.11	«ТЕАТР ЖӘНЕ БАЛАЛАР» ЖОБАСЫ: «Халықтар достығы – бейбітшілік жаршысы» концерттік бағдарлама	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТДЖО Эстетика пән бірлестігі Үйірме жетекшілері Ұйымдастырушы педагог	Мамыр 1-апта
6.12	«Сыңғырла, соңғы қоңырау-2023» «Қош бол,алтын ұя, мектебім» (мектеп түлектерінің аттестат алу кеші)	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТДЖО Эстетика пән бірлестігі Үйірме жетекшілері Ұйымдастырушы педагог 11 сынып жетекшілері	Мамыр 3-апта
6.13	«ӨНЕГЕЛІ БІР САҒАТ» ЖОБАСЫ: «Дарындыға –дархан жол» шығармашылық кеш (Үйірмелердік есептік концерті)	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТДЖО Эстетика пән бірлестігі Үйірме жетекшілері	Маусым

7.БАҒЫТЫ: Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

Мақсаты: әр адамның интеллектуалды мүмкіндіктерін, көшбасшылық қабілеті мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетінің дамуын қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

7.1	«ДЕБАТ ҚОЗҒАЛЫСЫ» ЖОБАСЫ: «Үшқыр ой алаңы»- оқушылардың пікірталас алаңы жоспарына сәйкес жұмысты жандандыру	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Қосымша білім беру педагогы Ұйымдастырушы педагог	Қыркүйек 4-апта
7.2	«ҮШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ» ЖОБАСЫ: «Көшбасшы» дебаттық қозғалыстың қалалық ойынына қатысу	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Қосымша білім беру педагогы Ұйымдастырушы педагог	Қазан 2-апта
7.3	«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ: «Ең оқырман сынып» мектепішілік кітап оқу байқауы	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	Қосымша білім беру педагогы Ұйымдастырушы педагог Кітапханашы Сынып жетекшілер	Қараша 2-апта
7.4	«ҚАУІПСІЗ ИНТЕРНЕТ» ЖОБАСЫ: Киберқауіпсіздік, кибергигиена, кибермәдениет мәселелері бойынша мектепте оқыту семинарларын ұйымдастыру	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	Педагог-психолог Сынып жетекшілер	Қазан 3-апта
7.5	«ДЕБАТ ҚОЗҒАЛЫСЫ» ЖОБАСЫ: «Әлеуметтік желі жастардың белсенді қарым-қатынас жасауына ықпалы зор» пікірсайысы	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	Қосымша білім беру педагогы Ұйымдастырушы педагог	Қараша 3-апта
7.6	«ДЕБАТ» ЖОБАСЫ «Тарихи таным» тәуелсіздік күніне орай зияткерлік ойындар	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	Қосымша білім беру педагогы Ұйымдастырушы педагог Өзін-өзі басқару ұйымы	Желтоқсан 1-апта
7.7	«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ: М.Әуезовке арналған «Қазына қалдырған қаламгер» әдеби-танымдық шаралары	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	Кітапханашы Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі	Қаңтар 3-апта
7.8	«МЕКТЕП ӨМІРІНІҢ БІР КҮНІ» ЖОБАСЫ: «ІТ-қаһармандары» программалау және робототехника бағытындағы мектепішілік байқау	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО, Аға тәлімгер Ұйымдастырушы педагог Физика-информатика пән бірлестігі	Ақпан 1апта
7.9	«ҮШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ» ЖОБАСЫ: «Көшбасшы» дебаттық қозғалыстың қалалық қорытынды нәтижесі/ойыны	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	Қосымша білім беру педагогы Ұйымдастырушы педагог	Мамыр 2- апта

8.БАҒЫТЫ: ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ.

Мақсаты:салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құру.

8.1	«САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН САҚТАУ» ЖОБАСЫ: 1. «Қауіпсіздік ережелерімен таныстыру, жарақаттанудың алдын алу» сынып сағаттары 2. «Дүниежүзілік денсаулық күнін» атап өту: «АИТВ/ЖИТС-тің алдын алу» тақырыбындап 8-11 сынып оқушыларына дәрістер өткізу. 3. Үйірме жұмыстарын ұйымдастыру.	Мәлімет,сараптама, хаттама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТДЖО Ұйымдастырушы педагог, Аға тәлімгер, Медбике, Дене тәрбиесі пән бірлестігі Үйірме жетекшілері	Қыркүйек 2-апта Ай ішінде
8.2	«САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН САҚТАУ» ЖОБАСЫ: 1.«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» ой дамыту ойындары, спорттық жарыстар 2. «Жасөспірімдердің ерте жүктілігі және жыныстық жолмен берілетін аурулардың алдын алу» кездесу	Мәлімет,сараптама, хаттама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТДЖО Дене тәрбиесі пән бірлестігі Медбике, педагог-психолог	Қазан 2,3-апта
8.3	«САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ» ЖОБАСЫ: «Біз темекі шегуге қарсымыз!» «Дүниежүзілік темекі шегуден бас тарту күні» Репродуктивті денсаулық, нашақорлықтың, маскүнемдік пен темекі тартудың, АҚТҚ алдын алу және салауатты өмір салты бойынша семинар-тренингтер ұйымдастыру	Мәлімет,хаттама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТДЖО Химия-биология пән бірлестігі Медбике Сынып жетекшілер	Қараша 3,4-апта
8.4	«САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ» ЖОБАСЫ: 1. «Жеке бас тазалығын сақтау-тұмаудан сақтанудың басты жолы» алдын алу шаралары 2. Акция: «Есірткісіз және ЖҚТБ-сыз әлем»	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТДЖО Дене тәрбиесі пән бірлестігі Медбике Сынып жетекшілер	Желтоқсан 2-апта
8.5	«САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ» ЖОБАСЫ: 1.«Толағай» отбасылық спорттық жарысы 2.Үйірмелер мен спорт секцияларының І жартыжылдық қорытындысы 3. «Тері-венерологиялық ауруларынан сақ болайық» дәріс	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТДЖО Дене тәрбиесі пән бірлестігі Медбике Сынып жетекшілер	Қаңтар 1,2-апта
8.6	«САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ» ЖОБАСЫ: 1. «Белсенді өмір - жүз жастық ғұмыр!» спорттық	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде	ДТДЖО Дене тәрбиесі пән бірлестігі	Ақпан 2,4-апта

	жарыстар 2. «Туберкулез қауіпті дерт» Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күні. Бюллетень сайысы	жариялау	Медбике Сынып жетекшілер	
8.7	«САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН САҚТАУ» ЖОБАСЫ: 1. «Ерте жыныстық қатынас пен ерте жүктіліктің алдын-алу» дәрігерлермен кездесу. 2. «Асық ату», «Тоғызқұмалақ», «Арқан тарту» ұлттық ойындар сайысы	Мәлімет,хаттама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Дене тәрбиесі пән бірлестігі Үйірме жетекшілері	Наурыз 2,4-апта
8.8	«САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН САҚТАУ» ЖОБАСЫ: 1. Вирусты гепатит, Жұқпалы аурулардың алдын алу жұмыстары. Түсіндіру жұмыстары, бұрыштар арнау, ұнпарақтар тарату 2. «Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі» қойылымдар байқауы	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Аға тәлімгер, Медбике Әлеуметтік педагог	Сәуір 2,4-апта
8.9	«САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН САҚТАУ» ЖОБАСЫ: 1. «Судағы қауіпсіздік ережесі мен жүріс-тұрыс қағидалары» тәрбие сағаттары 2. «Зиянды әрекеттерден сақтан!» «ЖИТС-тен қайтыс болған адамдарды еске алу күніне» орай 8-11 сынып оқушылары арасында науқан өткізу, Қалалық спорттық лигалар сайысының қорытындысы	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Аға тәлімгер Медбике Сынып жетекшілері	Мамыр 3,4 -апта
8.10	«ДЕНСАУЛЫҚТЫ НЫҒАЙТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МЕКТЕП» ЖОБАСЫ: 1. Жазғы демалыс кезінде сауықтыру «Денсаулық – зор байлық!» 2. Үйірме жұмыстарының есебі	Мәлімет,сараптама, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Ұйымдастырушы педагог Аға тәлімгер Әлеуметтік педагог Медбике Үйірме жетекшілері	Маусым

VI БӨЛІМ

Мектептің басқару жүйесі. Ата-аналармен жұмыс

Мектеп мұғалімдеріне арналған ішкі еңбек тәртібін сақтау ережесі

Осы ереже ҚР Еңбек кодексіне және мектептің Жарғысына сай құрастырылған, қызметкерлер мен әкімшілік ішкі еңбек тәртібін анықтайды және мектеп қызметімен байланысты т.б. сұрақтарды ретке келтіреді.

Қызметкерлердің міндеттері лауазымдық нұсқаулары мен еңбек шартымен анықталады.

Еңбек тәртібін бұзушыларға тәртіп жазалар мен қоғамдық шаралар қолданады.

1.1. Мектеп қызметкерлерінің жалпы міндеттері:

- мектеп Жарғысы, Ереже, лауазымдық нұсқаулықтар негізінде жүктелген міндеттерді қатаң түрде орындау;
- еңбек тәртібін сақтау – жұмысқа уақытында келу, белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығын сақтау, әкімшілік тарапынан берілген тапсырмаларды уақытылы және нақты орындау;
- жұмыс сапасын арттыру, жұмыс нәтижесін жоғары деңгейде орындау мақсатында шығармашылық қабілет таныту;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын орындау, өндірістік тазалықты, санитарлық гигиенаны, өрт қауіпсіздігін сақтау;
- өз жұмыс орнының тазалығын сақтау, материалдық құндылықтарға, құжаттарға жауапкершілікпен қарау;
- берілген материалдарды, электр қуатын үнемдеу, оқушыларды соған қалыптастыру;
- уақытылы медициналық қараудан өтіп тұру, дәрігерлік егуді жасау.

1.2. Мектеп педагог кадрлары оқушылардың сабақтағы және үзіліс кезіндегі өмірі мен денсаулық қауіпсіздігіне жауапты. Оқушылардың жарақаттанған жағдайында шұғыл түрде әкімшілікті хабардар етуі керек.

1.3. Сабаққа кешіккен оқушылар туралы мұғалім сынып жетекшісін, директордың тәрбие жұмыстар жөніндегі орынбасарын, әкімшілік кезекшісін хабардар етуі тиіс.

1.4. Сабақ кезінде оқу кабинеттерінің есігі ашық болып, тек үзіліс кезінде жабық болуы мүмкін.

1.5. Жұмыс уақыты аяқталған кезде кілтпен жабылады. Кабинетті оқушылар күнделікті тазалауы керек, Кабинеттің тазалық жауапкершілігі сынып жетекшісіне жүктеледі. Оқушыларды кабинетте жалғыз қалдыруға тыйым салынады. Егер мұғалім бірнеше кабинетте сабақ жүргізетін болса, кабинеттің кілтін әкімшілік кезекшісіне тапсырады.

1.6. Оқушыларды сабақ соңынан алып қалу төмендегі жағдайларда ғана рұқсат етіледі:

- сынып сағаттары мен жиналыстар өткізгенде;
- сыныптан тыс, мектептен тыс іс-шаралар өткізу, дайындық жұмыстарын жүргізу кезінде;
- кезекшілік, сыныпта, мектепте тазалық жүргізгенде;
- сынақтар (зачет), қосымша сабақтар өткізгенде;

Басқа жағдайларда әкімшілік рұқсатымен болады.

1.7. Мұғалімдер өрт және басқа апатты жағдайларда эвакуация жоспарына сәйкес әрекет жасайды.

1.8. Педагог кадрлары 5 жылда бір рет Аттестаттау ережесі бойынша аттестаттаудан өтеді.

МЕКТЕПТІҢ ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІ

Осы ереже ҚР Еңбек кодексіне және мектептің Жарғысына сай құрастырылған, қызметкерлер мен әкімшілік ішкі еңбек тәртібін анықтайды және мектеп қызметімен байланысты т.б. сұрақтарды ретке келтіреді.

Қызметкерлердің міндеттері лауазымдық нұсқаулары мен еңбек шартымен анықталады.

Жалпы ережелер.

Кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдардағы еңбек тәртібі ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен анықталады;

Ішкі еңбек тәртібінің ережесі мектептің барлық еңбек ұжымының жұмысын ұйымдастыруға, қалыпты жұмыс істеуге ынталандыруға, жұмыс уақытын тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге; Еңбек тәртібін бұзушыларға тәртіптік жазалар мен қоғамдық шаралар қолданады.

1. Мектеп қызметкерлерінің жалпы міндеттері:

- мектеп Жарғысы, Ереже, лауазымдық нұсқаулықтар негізінде жүктелген міндеттерді қатаң түрде орындау;
- еңбек тәртібін сақтау – жұмысқа уақытында келу, белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығын сақтау, әкімшілік тарапынан берілген тапсырмаларды уақытылы және нақты орындау;
- жұмыс сапасын арттыру, жұмыс нәтижесін жоғары деңгейде орындау мақсатында шығармашылық қабілет таныту;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын орындау, өндірістік тазалықты, санитарлық гигиенаны, өрт қауіпсіздігін сақтау;
- өз жұмыс орнының тазалығын сақтау, материалдық құндылықтарға, құжаттарға жауапкершілікпен қарау;
- берілген материалдарды, электр қуатын үнемдеу, оқушыларды соған қалыптастыру;
- уақытылы медициналық қараудан өтіп тұру, дәрігерлік егуді жасау.

2. Мектеп педагог кадрлары оқушылардың сабақтағы және үзіліс кезіндегі өмірі мен денсаулық қауіпсіздігіне жауапты. Оқушылардың жарақаттанған жағдайында шұғыл түрде әкімшілікті хабардар етуі керек.

2. Сабаққа кешіккен оқушылар туралы мұғалім сынып жетекшісін, директордың тәрбие жұмыстар жөніндегі орынбасарын, әкімшілік кезекшісін хабардар етуі тиіс.

2. Сабақ кезінде оқу кабинеттерінің есігі ашық болып, тек үзіліс кезінде жабық болуы мүмкін.

2. Жұмыс уақыты аяқталған кезде кілтпен жабылады. Кабинетті оқушылар күнделікті тазалауы керек. Кабинеттің тазалық жауапкершілігі сынып жетекшісіне жүктеледі. Оқушыларды кабинетте жалғыз қалдыруға тыйым салынады. Егер мұғалім бірнеше кабинетте сабақ жүргізетін болса, кабинеттің кілтін әкімшілік кезекшісіне тапсырады.

2. Оқушыларды сабақ соңынан алып қалу төмендегі жағдайларда ғана рұқсат етіледі:

- сынып сағаттары мен жиналыстар өткізгенде;
- сыныптан тыс, мектептен тыс іс-шаралар өткізу, дайындық жұмыстарын жүргізу кезінде;
- кезекшілік, сыныпта, мектепте тазалық жүргізгенде;
- сынақтар (зачет), қосымша сабақтар өткізгенде;

Басқа жағдайларда әкімшілік рұқсатымен болады.

7. Мұғалімдер өрт және басқа апатты жағдайларда эвакуация жоспарына сәйкес әрекет жасайды.

8. Педагог кадрлары 5 жылда бір рет Аттестаттау ережесі бойынша аттестаттаудан өтеді.

2. Педагогтар мен қызметкерлердің жұмыс уақыты және оны қолдану

Мектепте жұмыс апталығы 5 күндік жұмыс аптасы белгіленген.

I ауысым / таңертеңгілік жаттығу – 8:00

бірінші сабаққа берілетін алдын-ала қоңырау – 8:20

сабақтың басталу уақыты – 8:30/

2. Педагог кадрлардың оқу жылына оқу жүктемесін мектеп директоры, КК /кәсіподақ комитеті/ белгілейді, еңбек демалысы алдында хабарланады.

Төмендегіше ескертілуі тиіс:

- мұғалімдердің сабақтастығы, сағат көлемі;
- жас мамандардың жүктемесі 16 сағаттан кем болмауы тиіс;
- оқу жүктемесінің толмауына мұғалімнің келісімі /жазба түрде/ болуы қажет;

- оқу жүктемесінің көлемі оқу жылы бойы тұрақты болуы тиіс.
3. Қызмет көрсететін адамдарға жұмыс уақыты кесте бойынша апталық жұмыс уақыты сақталады, КК және мектеп әкімшілігі бекітеді.
- Хатшы, зертханашының жұмыс уақыты 9.00-17.00 дейін.
- Ұзартылған күн топтарының тәрбиешілері кезекшілік бақылау дәптеріне келген, қайтқан уақытын белгілеп қол қояды.
- Кітапханада жұмыс кестесі болуы тиіс.
4. Мұғалімдердің жұмыс уақыты сабаққа 15 минут қалғанда басталуы тиіс, жұмыс уақыты сабақ аяқталғаннан кейін 20 минутқа созылады. Бұл уақыт кабинеттің санитарлық-гигиеналық нормасын сақтау үшін қажет. Кезекші администратор жұмысқа жарты сағат бұрын келуі керек.
4. Мұғалімдердің жұмыс күні төмендегі себептердің негізінде ұзарады:
- педагогикалық кеңес, мәжіліс өткізгенде;
 - әкімшілік жиналысы, жоспарлама т.б. өткізілетін шаралар, жиналыс 2 аптада бір рет бір сағаттан аспауы тиіс;
 - ауырып қалған қызметкердің орнына сабақ жүргізгенде;
 - басқа барлық жағдайда егер мұғалім лауазымына байланысты құжаттарды дайындағанда /есеп беру, сынып журналын толтыру т.б./ Сыныптан тыс, мектептен тыс жұмыстар жүргізгенде.
6. Сабақты қоңырау кестесімен бастап аяқтау тиіс. Оқушыларды үзіліс кезінде ұстауға тыйым салынады.
6. Мұғалімдердің мектептегі, асханадағы кезекшілік кестесін КК дайындайды, бекітеді - әкімшілік пен КК бірлесіп кезекші мұғалімнің міндетін атқаруын қадағалайды.
6. Асханада кезекші мұғалімдер кезекші администратор мен мектеп асханасының ретін, оқушылардың тәртібін, асхана қызметкерлерінің берген тамақтарының мөлшерін, сапасын бақылайды. Оқушылардың тамақтанғаннан кейін сабаққа кешіккенін сынып жетекшісі кезекші администраторға хабарлап отырады.
6. Мектеп директоры педагог қызметкерлерден, орынбасарлардан кезекші администраторды тағайындайды. Кезекші администратор директордың бекіткен кезекшілік графигі және кезекші админ. міндеті негізінде өзінің кезекшілігін атқарады.
6. Каникул уақыты жұмыс уақыты болып табылады. Каникул кезінде мұғалімдер апталық сағат жүктеме нормасын жұмыс графигі негізінде орындайды, жұмыс кестесін директордың оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары КК бірлесіп түзеді. Каникул кезінде мұғалім жұмысқа себепсіз келмеген жағдайда еңбек тәртібін бұзған болып есептеледі.
6. Мынандай жағдайда мектеп қызметкерлеріне тыйым салынады:
- өздігінше сабақ кестесін өзгертуге;
 - сабақ уақытын қысқартуға, ұзартуға, бос өткізуге, босатып жіберуге;
 - оқушылардың өздерін кабинетте мұғалімсіз қалдыруға;
 - оқушыны сабақтан шығаруға;
 - қызметкерлердің сабақ кезінде көңілдерін бөлуге.
12. Сынып жетекшісі кесте бойынша уақытылы оқушыларды асханаға апарады.
12. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары мұғалімдер мен оқушыларды сабақтың өзгеруі туралы ертерек хабардар етеді.
12. Мәжіліс өткізуге тұрақты бір күн белгіленеді – дүйсенбі, пед.кеңес – жоспар бойынша /тоқсанына 1 рет, алдын ала тоқсан қорытындылары бойынша өткізіледі/.
12. Мерекелік күндері кезекшілік кестесінде бекітілген күнмен есептелінеді.
12. Жүктілік демалысқа кеткен педагог кадрлар мен оларға теңестірілген адамдарға еңбек демалысы, атқарған жұмыс күндеріне есептелініп төленеді.
12. Мектепте бір сыныпта жұмыс атқаратын педагогтарға бірыңғай ереже талаптары қойылады:
- сабақ қоңырау бойынша басталады, аяқталады;
 - сабақтың әр минуты оқу процесінің талаптарына сай пайдаланылуы қажет;
 - сабақтың тәрбиелік мақсаты оқу және дамытумен ұштастырылады;
 - сабақтың тәрбиелік мәні сабақтың мазмұны, жүргізілуі ұйымдастырылуы мұғалімнің тұлғалық әсері арқылы іске асырылады;
 - оқушыларға мұғалімнің ілтипатты болуы талап етіледі;

- сабақты ұйымдастыру кезеңінде мұғалім оқушылардың толық дайындығын / кітап, күнделік, дәптер, қалам т.б. / талап етеді;
 - мұғалім сабақта сабырлылық, салқынқандылық танытуы тиіс. Оқушылардың тәртібін көзқарасы, дауыс ырғағының өзгеруімен т.б. педагогикалық тәсілдер арқылы бақылайды;
 - мұғалім этикасы сақталуы тиіс;
 - дәптер мен күнделіктің жүргізілуі әдістемелік және педагогикалық кеңесте дайындалған орфографиялық режим негізінде болуы шарт;
 - бір сыныптағы барлық пән мұғалімдері пәнаралық байланыстарды ұштастыру арқылы оқушылардың мұғалімге деген сенімін арттыруы қадір-қасиетін өзара құрметтеуі қажет.
18. Аула тазалығы әр 2 аптада жүргізілуі тиіс.
18. Оқушылардың саяхатқа, театрға, кинотеатрға, көрмелерге т.б. орындарға баруына мектеп директорының бұйрығымен рұқсат етіледі. Оқушылардың өмірі мен денсаулығына жауапкершілік мектеп директорының бұйрығымен бекітілген мұғалімге жүктеледі.
19. Оқушылардың өмір қауіпсіздігі мен оқу тәрбие үрдісіне кедергі келтірмеу мақсатында мектеп әкімшілігінің рұқсатынсыз мектепке бөгде азаматтардың кіруіне қатаң тыйым салынады.
20. Әрбір сынып жетекшісі ата-аналардың мектепке тәрбиелік мәні бар киіммен келуін талап етсін және және сабақ кезінде мектеп әкімшілігінің рұқсатынсыз сыныпқа кіруіне тыйым салынатыны туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізсін.

3. Мектептегі тәртіп

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес, коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларға сәйкес оқушылармен және ата-аналармен тығыз ынтымақтастық байланыс орнатып, мектептегі оқуды ұйымдастырылады:

1. Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларға байланысты оқушылардың, педагогтардың және басқа да қызметкерлердің денсаулығын сақтау мақсатында оқу процесі қашықтық форматта ұйымдастырылады.
2. Кезекші сыныптардың қызметі санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтаған кезде тәртіпке сай жүзеге асырылады.
3. Мектеп ғимаратында санитарлық-эпидемиологиялық талаптар қатаң сақталуы міндетті:
 - Таңғы фильтр;
 - Температураны өлшеуді есепке алу журналы;
 - мектепке кіру кезінде білім алушылардың температурасын күнделікті өлшеу;
 - «Бір сынып – бір кабинет» жүйесі бойынша оқытуды ұйымдастыру;
 - Оқушылар мен мұғалімдердің мектеп ішіндегі ара қашықтығы 1,5 м болуының сақталуы;
 - Дезинфекциялық режимнің сақталуы тиіс;
 - Кабинеттердің ылғалды тазалығының сақталуы, кварцталуы;
 - Бір реттік бетперделерді салуға арналған қорапшалар, олардың маркерленуі, одан кейінгі жойылуы;
 - Әрбір сабақтың басталу уақыты түрлі болуы керек;
 - Ғимаратқа бөтен азаматтардың кіруін шектеу;
 - Балаларды ата-аналарынсыз мектепке кіргізілуі;
 - Әр оқушыда 3 бетпердеден болуы;
 - Балалар кіргізілгеннен кейін мектеп дәліздері мен есік ұстағыштарының ылғалдық тазалығы;
 - Мектепке кіре берісте және әжетханада санитайзерлердің орнатылуы (әжетханаға сұйық сабынның қойылуы);
 - Әр кабинетте кварцтауды тіркеу журналының болуы тиіс;
 - Әр кабинетте қайнаған жылы су мен бір реттік кесе (стакан) болуы;
 - Әр қабатта санитарлық посттардың болуы міндетті.
 - Оқушылардың бір бағытта қозғалуы үшін дәліздерде едендегі белгілер, біреуі балаларды қабылдау үшін, екіншісі – балалардың сабақтан кейін кетуі үшін.

Мұғалімнің оқушыны сабақтан әкімшілік рұқсатынсыз босатылуына қатаң тыйым салынады.

Сабақта оқушының, мұғалімнің сыртқы киіммен отыруына тыйым салынады.

Мектеп мұғалімдері бір түсті классикалық киім үлгісін, ал мереке күндері ақ жейде, қара юбка, қара шалбар киінуі тиіс.

Сабаққа ата-аналар, бөгде адамдар мектеп директорының рұқсатымен жіберіледі.

Мектепке өткір, үшкір, кесетін, иісі жағымсыз және басқа да қауіпті, сабаққа қатысы жоқ заттарды әкелуге тыйым салынады.

Мектеп ауданында темекі шегуге, балағат сөздер айтуға, шекілдеуіке шағуға, құмар ойындарды ойнауға, сабақта – плеер тыңдауға, ұялы телефон қолдануға, қарым-қатынасты күшпен және тіл тигізіп, қорлау арқылы шешуге тыйым салынады.

Оқушылар сабаққа кешікпеуі тиіс.

Оқушы сабақтан өз еркімен шыға алмайды, тек жедел жағдайда мұғалімнің рұқсатымен шығуға мүмкіндік алады.

Дене тәрбиесі сабағынан босатылған оқушылар міндетті түрде сабақта отырулары қажет.

Оқушылар үзілісте кабинеттерді желдетуге мүмкіндік жасап дәлізге шығулары тиіс.

Оқушылар баспалдақта өте мұқият болулары тиіс (баспалдақта жүгіруге, ойындар ұйымдастыруға, топталып тұруға тиым салынады).

Оқушылар әжетхананы ұқыпты, таза, жеке бастың тазалығын сақтау отырып пайдаланулары қажет.

Себеп-сылтаусыз әжетханадан кешігуге болмайды.

4. Оқушылардың міндеті:

- 4.1. ҚР лайықты азаматы болуға, өз елінің Конституциясын білуге және сақтауға, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халықтың салт-дәстүрлерін құрметтеуге;
- 4.2. Конституцияға қарсы және қоғамға жат қылықтарға ымырасыз болуға;
- 4.3. Оқу жоспарлары мен бағдарламасындағы тапсырмаларды орындауға;
- 4.4. Себепсіз сабақты босатпауға, жақсы оқуға, мектептің қоғамдық өміріне араласуға;
- 4.5. Ғылым негіздерін терең меңгеруге;
- 4.6. Мектеп мүлкін көздің қарашығындай сақтауға;
- 4.7. Мұғалімдер тапсырмасын орындауға;
- 4.8. Өзінің сыртқы келбетіне қарауға.
- 4.9. Оқушыларға байланысты белгіленген тәртіпке бағыну.
- 4.10. Ұжымның шешімін құрметтеу, қарау, сақтау.
- 4.11. Күнделікті сабақ кестесіне байланысты сабаққа (факультатив, үйірме сабақтарына) түгел қатысу. Себепсіз сабақтан қалмау және кешікпеу.
- 4.12. Мектеп территориясында тазалық сақтау. Сынып бөлмелерін, спорт залын, асхананы, шеберхананы және әжетхананы таза ұстау.
- 4.13. Қоңырау соғысымен сабаққа кіру, өз орнына отыру, сабақ құралдарын дайындау
- 4.14. Жазу столында қаламсап, қалам, күнделік, оқулық, дәптер болуы керек
- 4.15. Бөлмеге мұғалім немесе үлкен кісі кірсе, орындарын тұрып сәлем беру, рұқсат пен отыру
- 4.16. Тақтаға шақырылғанда күнделікті ала шығу
- 4.17. Сабақта жауап бергісі немесе сұрақ қойғысы келсе қолын көтеру
- 4.18. Сыныптасының жауабын мұқият тыңдап, мұғалім рұқсатымен ғана түзетуге болады
- 4.19. Сабақтың әр бір минутын тиімді пайдаланып, басқа жұмыспен айналыспау
- 4.20. Үй тапсырмасын күнделікке жазуды ұмытпау
- 4.21. Оқушылар нақты іс-шараға арналған қауіпсіздік техникасы мен ҚТ жөніндегі нұсқаулықтар талабын сақтаулары қажет.
- 4.22. Оқушының күнделігі әр оқушыда 2-ші сыныптан міндетті арналуы тиіс.
- 4.23 Мектеп формасы ұнамды, таза болуы қажет.

* 1,8,9 сынып оқушылары ата-аналармен келісілген мектеп формасы яғни

- қыздар үшін (күз-көктем) және ақ жейде, қара юбка, ақ бантик; (қыста) классикалық үлгідегі костюм-юбка немесе қара көк түсті жемпір, бантик;

- Ұлдар үшін ақ жейде, қара түсті костюм(жемпір)- шалбар

- * 2-7 сынып оқушылары ата-аналармен келісілген мектеп формасы, көк галстук және ақ бантик;
 - * 10-11 сынып оқушыларына:
 - қыздар үшін (күз-көктем) және ақ жейде, қара көк юбка, ақ бантик; (қыста) классикалық үлгідегі костюм (жемпір)-шалбар;
 - Ұлдар үшін ақ жейде, қара көк түсті костюм шалбар.
- Косметика мен әшекей бұйымдарын қолдануға рұқсат етілмейді, шаш жинақы, өрілген болуы тиіс.

5. Оқушылардың асханадағы өзін-өзі ұстауы

Тамақтану кезінде өзін жақсы мәнермен лайықты ұстауы керек.
Оқушылар асхана қызметкерлеріне құрметпен қарауы тиіс.
Қасындағы көршілері аландатпау үшін оқушы тамақтану кезінде қатты сөйлеуіне болмайды.
Оқушы тамақтанып болған соң үстелді жинайды, орындықты орнына қояды.
Оқушы асхана заттарына ұқыптылықпен қарауы керек.
Асханаға сырт киіммен келуге болмайды.
Бастауыш сынып оқушылары асханаға саппен келіп, кезекшінің алдын ала шығып дайындалған асқа «Астарыңыз дәмді болсын!» деп отырып, тамақтанғаннан соң «Рахмет!» деп саппен шығып кетеді.

6. Оқушының құқықтары

- 7.1. Мемлекеттік білім стандарты шеңберінде орта білім алуға;
- 7.2. Таңдау пәндер тізбесін өзінің қалауы, бейімі бойынша пәндері қосымша пәндермен, факультативті таңдауға;
- 7.3. Өз көзқарасын еркін айта және ойлай білуге;
- 7.4. Мектептегі өзін-өзі басқару органы жұмысына қатысуға және сайлануға;
- 7.5. Үйірме жұмыстарына қатысуға;
- 7.6. Оқу процесінде лаборатория, кабинет, шеберханалар қызметін тегін пайдалануға спорт құралдары мен залдарын пайдалануға;
- 7.7. Мектептің қоғамдық өміріне, спорт, көркем өнер үйірмесіне қатысуға;
- 7.8. Мектепті бітірген соң жоғары оқу орнында білімін жалғастыруға;
- 7.9. Экстернмен білім алуға.

7. Оқушыларды мадақтау және жазалау

Оқу-тәрбие қызметіндегі жоғары көрсеткіші мен белсенділігі үшін мадақталады.

Мадақтау түрлері

- Алғыс хат
- Ынталандыру
- Құрметті міндеттер беру
- Мақтау қағазы, дипломдармен марапаттау
- Үлгілі тәртібі үшін деген баға
- Жекелеген пәндерді оқудағы жетістіктері үшін деген мақтау грамотасы
- Алтын медальмен марапаттау

Жазалау түрлері

- - оқушы мектептің ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін мектепшілік ата-аналар мен жасалған келісім-шартқа сәйкес тәртіптік жазалау шаралары қолданылады

8. Оқушыларға тыйым салынады

- 9.1. Спиртті ішімдіктерді мектепке әкелмеу және пайдаланбау. Темекі шекпеу, наркологиялық заттардан аулақ болу. Өткір, улы заттарды және басқа да қауіпті заттарды мүлдем пайдаланбау.
- 9.2. Жарылғыш және өртенетін заттардан аулақ болу.
- 9.3. Өзара қарым-қатынаста күш көрсетпеу, дауыс көтермеу.
- 9.4. Өзіңнің өміріңе және басқа да адамдардың өміріне қауіп төндірмеу.
- 9.5. Басқа оқушылармен, мұғалімдермен және басқа қызметкерлермен қарым-қатынаста мәдениетсіздікке бармау.
- 9.6. Мектептегі сабаққа қатысы жоқ заттарды мектепке әкелуге қатаң тыйым салынады.
- 9.7. Мектеп әкімшілігінің рұқсатынсыз әр түрлі кино, бейне (видео) көшірмелерді әкелмеу, пайдаланбау.
- 9.8. Ақша немесе заттарды қарызға беруге, сатуға, ауыстыруға тыйым салынады.
- 9.9. Ұялы телефонды білім ордасына әкелуге, оны сабақ үстінде пайдалануға қатаң тыйым салынады.
- 9.10. Сабақ уақытында дәлізде жүруге қатаң тыйым салынады.
- 9.11. Ауыздағы сағыз – мәдениетсіздіктің белгісі. Мектепте сағыз шайнауға тыйым салынған.
- 9.12. Оқу уақытында мектеп аумағынан шығуға, басқа мектеп оқушыларымен байланысуға қатаң тыйым салынады.

Осы Ереже «Болашақ» мектеп мекемесінің ішкі құжаты болып есептелінеді.

Мектептің ішкі тәртіп ережесін орындалуын бақылау мектеп әкімшілігіне жүктеледі

**Абилдаева Бейсенкуль Турсамбековна –
мектеп директорының лауазымдық міндеттері:**

Білім беру ұйымының қызметін оның жарғысына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес басқарады. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын педагогикалық және әдістемелік кеңеспен бірлесе отырып іске асыруды ұйымдастырады. Жұмыс жоспарын, бағдарламалар мен жұмыс жоспарларын бекітеді. Бекітілген учаскедегі балаларды жалпыға міндетті оқытумен қамтамасыз ету заңына сәйкес жалпыға міндетті оқытумен қамтамасыз етеді. Оқу-тәрбие процесінің ғылыми-әдістемелік және материалдық-техникалық базасын ұйымдастырады және жетілдіреді. Оқу-тәрбие процесін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады және жетілдіреді. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың дамуын қамтамасыз етеді.

Педагогикалық ұйымдар, әдістемелік бірлестіктер, балалар ұйымдары қызметіне ықпал етеді. Білім беру құқығына берілген лицензиясына сәйкес оқушылар, тәрбиеленушілер контингентін қалыптастырады, оқушылар мен тәрбиеленушілерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың арасынан шыққан тәрбиеленушілердің заңды құқығы мен мүдделерін (жеке, мүліктік, тұрғын үй, еңбек және басқа да) қорғайды, олардың туысқандық байланысын қолдай үшін оларға жағдай жасау бойынша шаралар қабылдайды. Оқу-тәрбие процесі кезінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) және білім беру ұйымы қызметкерлерінің өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауға қажетті жағдай жасайды. Белгіленген заңнама шегінде білім беру ұйымының мүлкі мен құралдарына иелік етеді, жыл сайын құрылтайшылардың қаржылық және материалдық қаражаттың түсуі және жұмсалуды туралы есебін береді.

Нормативтік талаптарға сәйкес есеп жүргізіп, оқу-материалдық базаның сақталуын және толықтырылуын қамтамасыз етеді, ішкі еңбек тәртібі ережесін, санитариялық-гигиеналық режимді, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігін сақтау үшін жауап береді.

Педагог кадрларды және қосымша қызметшілерді іріктеуді және жұмысқа тартуды жүзеге асырады, басқару құрылымын, қызметкерлердің штаттық кестесін, лауазымдық нұсқаулығын бекітеді, олардың кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасайды. Педагогикалық кеңесті басқарады. Белгіленген тәртіп бойынша қызметкерлерді аттестаттауға дайындауға қатысады. Қызмет барысында айрықша көзге түскен оқытушылар мен білім беру ұйымдарының қызметкерлерін өзінің құзыретіне қарай марапаттауға және көтермелеуге ұсынады және өз құзыретінің шегінде жаза қолданады.

Жұртшылықпен, ата-аналармен (немесе оларды алмастырушы адамдармен) байланысты жүзеге асырады. Мемлекеттік және басқа да ұйымдарда білім беру ұйымының атынан өкілдік етеді, қажетті есеп құжаттарын дайындау мен ұсынуды қамтамасыз етеді. Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзіреттілікті меңгерген.

**Рысбекова Мулдир Ускенбаевна – директордың
оқу ісі жөніндегі орынбасарының лауазымдық міндеттері:**

Білім беру ұйымының қызметін перспективалық болжауды және ағымдағы жоспарлауды ұйымдастырады. Оқу-тәрбие процесінің және әлеуметтік психологиялық қамтамасыз етілу жағдайын талдайды. Педагогтердің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен жоспарларының орындалуын, сондай-ақ, қажетті оқу, оқу-тәрбие, оқу-әдістемелік құжаттамаларды әзірлеу жұмыстарын үйлестіреді. Білім беру процесінің сапасына және жалпы білім беру стандарттарының шеңберінде білімді меңгеру нәтижесінің объективтілігіне бақылау жасайды.

I-ауысымдағы оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылуын, оқу процесіне қазіргі заманғы жаңа технологияның енгізілуін қамтамасыз етеді. Білім алушыларға ағымдағы және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді. Білім алушылардың оқу жүктемесіне бақылау жасап, сабақтардың кестесін және басқа да оқу қызметінің түрлерін құрастырады.

Білім беру ұйымдарының оқу процесін жетілдіру мақсатында оқу-тәрбие процесін әлеуметтік-психологиялық қамтамасыз етуді ұйымдастырады.

Педагогтердің анағұрлым нәтижелі тәжірибелерін тарату бойынша шаралар қабылдайды. Педагог кадрларды іріктеуге және орналастыруға қатысады.

Оқу зертханалары мен кабинеттерін қазіргі заманғы жабдықтармен, көрнекі құралдармен және техникалық оқыту құралдарымен жарақтандыру, кітапханаларды оқу-әдістемелік және көркем әдебиеттермен толтыру жұмыстарын жоспарлайды. Оқу-тәрбие процесінде пайдаланылатын жабдықтардың, приборлардың, техникалық және көрнекі құралдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету жағдайына бақылау жасайды. Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті меңгерген.

Белгіленген есеп құжаттамасының сапалы және уақытылы жасалуын қамтамасыз етеді, қалалық білім бөліміне керекті құжаттардың дер кезінде өткізілуіне жауапты; мөлтекаудан бойынша жұмыстарды жүзеге асырып, есебін тапсырады; оқушылардың ыстық тамағын ұйымдастыруға, ыстық тамақ есебін жазуға жауап береді; ұзақ мерзімде емделіп жатқан оқушылардың оқытылуын қадағалайды (үйінде, ауруханада).

Оқушылардың жеке құжаттарын есепке алу және оқушылардың жыл бойы қозғалысына, алфавит кітабының жүргізілуіне, сынып журналдарының, оқушылардың күнделіктері мен дәптерлерінің жүргізулеріне, толтырылуы мен тазалығына бақылау мен басшылық жасайды.

Пән мұғалімдерінің күнделікті сабаққа даярлығына бақылау жасайды, кемі аптасына 3 - 4 сағат сабақтарға еніп, талдау жасап отырады, төмендегі пәндердің өтілуіне бақылау жасайды: тарих, ӘБ дегі оқу тәрбие процесін қадағалайды.

Үйде оқытылуды қадағалайды.

Азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайларды алдын алуды үйлестіреді.

Қорғаншылық инспекторымен жұмыс жасайды.

Әлеуметтік – педагогтың, психологтың, логопедтің жұмысына басшылық жасайды.

мектептің 1-ші қабатының эстетикалық безендірілуіне жауапты;

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет стандартына жауапты.

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет стандартына жауапты.

«Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұсыну үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет стандартына жауапты.

Өз лауазымдық міндеттеріне сәйкес мектеп бойынша бұйрықтар мен өнімдер жобасын дайындайды.

Арынова Лиза Темирбековна – директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы орынбасары лауазымдық міндеттері:

Білім беру ұйымының қызметін перспективалық болжауды және ағымдағы жоспарлауды ұйымдастырады. Оқу-тәрбие процесінің, ғылыми-әдістемелік және әлеуметтік психологиялық қамтамасыз етілу жағдайын талдайды. Педагогтердің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен жоспарларының орындалуын, сондай-ақ, қажетті оқу, оқу-тәрбие, оқу-әдістемелік құжаттамаларды әзірлеу жұмыстарын үйлестіреді. Білім беру процесінің сапасына және жалпы білім беру стандарттарының шеңберінде білімді меңгеру нәтижесінің объективтілігіне бақылау жасайды.

Мектептің білім тұжырымдамасы мен даму бағдарламасын өндеудегі жұмыстарын ұйымдастырады. 2-ауысымының оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылуын, оқу процесіне қазіргі заманғы жаңа технологияның енгізілуін қамтамасыз етеді. Білім алушыларға ағымдағы және қорытынды аттестаттау, мемлекеттік аралық бақылау және тестілеу өткізуді ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді. Білім алушылардың оқу жүктемесіне бақылау жасап, сабақтардың кестесін және басқа да оқу қызметінің түрлерін құрастырады.

Білім беру ұйымдарының оқу процесін жетілдіру мақсатында пәндік әдістемелік бірлестіктер мен эксперименттік жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асырады, оқу-тәрбие процесін ғылыми-әдістемелік және әлеуметтік-психологиялық қамтамасыз етуді ұйымдастырады.

Эксперименттік жұмыстардың нәтижелерін қорытындылайды және талдау жасайды. Педагогтердің анағұрлым нәтижелі тәжірибелерін тарату бойынша шаралар қабылдайды. Педагог кадрларды іріктеуге және орналастыруға қатысады.

Оқу зертханалары мен кабинеттерін қазіргі заманғы жабдықтармен, көрнекі құралдармен және техникалық оқыту құралдарымен жарақтандыру, әдістемелік кабинеттер мен кітапханаларды оқу-әдістемелік және көркем әдебиеттермен толтыру жұмыстарын жоспарлайды. Оқу-тәрбие процесінде пайдаланылатын жабдықтардың, приборлардың, техникалық және көрнекі құралдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті меңгерген.

Белгіленген есеп құжаттамасының сапалы және уақытылы жасалуын қамтамасыз етеді.

Оқушылардың ғылыми қоғамдарының жұмысын, конкурстар, олимпиадалар өткізуді ұйымдастырады. Пән мұғалімдерінің күнделікті сабаққа даярлығын тексереді;

Пән мұғалімдерінің күнделікті сабаққа даярлығына бақылау жасайды, кемі аптасына 3 - 4 сағат сабақтарға еніп, талдау жасап отырады, төмендегі пәндердің өтілуіне бақылау жасайды: табиғи -математик бағытындағы, орыс тілі және ағылшын тілі пәндері.

мектептің 2-ші қабатының эстетикалық безендірілуіне жауапты;

Оқу процесінің диагностикасын жүзеге асырады; мектептің ЖОО-мен бірігіп жұмыс істеуін ұйымдастырады; мектеп әдістемелік кеңесінің жұмысын ұйымдастырушысы; әдістемелік бірлестіктер жұмысына жетекшілік етіп, оқу жоспарларын жасайды; аттестациялық комиссия төрағасының орынбасары. Аттестациялау материалдарын дайындайды; алдыңғы қатарлы озық педагогикалық тәжірибені жинақтау, тарату, семинарлар өткізуді ұйымдастыру; мұғалімдердің шығармашылық жұмысының, кәсіби өсуінің диагностикасын шығарады; жас мамандар мен тәлімгерлердің жұмысын ұйымдастырады; профильді оқыту бойынша жұмыстарды ұйымдастырады; профильді сыныптарда бейінді курстардың жүргізілу сапасына басшылық жасайды; таңдау курстарының бағдарламасын ұйымдастырады; құжаттардың белгіленген есебін уақытылы дұрыс құруын, дұрыс толтыруын, оны тапсыруды қамтамасыз етеді (сабақтардың алмасып өтуіне есеп жүргізеді, тарификация мен табельді жүргізеді);

Оқушылардың білім дайындығының нәтижесінің объективтілігі мен білім сапасына, факультативтерге бақылау жасайды;

ҰБТ, ОЖСБ ұйымдастырады және жүргізеді;

«Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандартына жауапты.

Өз лауазымдық міндеттеріне сәйкес мектеп бойынша бұйрықтар мен өнімдер жобасын дайындайды.

Ахметжанов Рашид Равилович – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының лауазымдық міндеттері:

Мектептің I кезеңдегі оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды, оқушыларды тәрбиелеу бағдарламаларын жасауды, оларды іске асыру бойынша жаңа тәсілдерді қамтамасыз етеді. Тәрбиелеу процесінің проблемаларына, тәрбие жұмысының нәтижелеріне, тәрбие жұмыстары саласындағы жағдайлар мен перспективалық мүмкіндіктерге талдау жасайды. Тәрбие жұмысының ағымдағы және перспективалық жоспарлауын ұйымдастырады. Сынып жетекшілері, педагог психологтар, әлеуметтік педагогтер және дене тәрбиесі-сауықтыру қызметін жоспарлауды және бақылауды жүзеге асырады.

Тәрбие жұмысы жөніндегі, мәдени-тәрбие шараларды дайындау және өткізу жөніндегі қажетті әдістемелік құжаттамаларды әзірлеу жұмыстарын үйлестіреді; педагогикалық қызметкерлер жүргізетін тәрбие процесінің мазмұны мен өткізу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады. Девиантты мінез-құлықты балалармен жеке тәрбие жұмысына бақылауды жүзеге асырады. Педагогикалық кадрларды іріктеу мен орналастыруға қатысады, тәрбие жұмыстарымен айналысатын педагог қызметкерлердің біліктілігін және кәсіби шеберлігін арттыруды

ұйымдастырады. Жұртшылық және құқық қорғау органдары, ата-аналар, білім беру ұйымының ата-аналар комитеті өкілдерімен тәрбиелеу процесін қамтамасыз ететін оқу орнының әкімшілігі, қызметтері мен бөлімшелері өкілдерінің өзара іс-қимылын үйлестіреді. Оқушыларға медициналық қызмет көрсету жағдайына бақылауды жүзеге асырады. Тәрбиелеу процесінде қолданылатын приборлардың, техникалық және көрнекі құралдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

